

Б.Қапалбек, Л.Нұрғожина, Ш.Шортанбай

ӘДЕБИЕТТІК

ОҚУ

2

1-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің
2-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі бекіткен*



Алматы «Мектеп» 2022

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3(5Қаз)я71
Қ40



Шартты белгілер:



– ойтүрткі



– суретпен жұмыс



– оқылым



– жұптық жұмыс



– тыңдалым



– топтық жұмыс



– айтылым



– сұрақтар мен тапсырмалар



– жазылым



– бейнематериал

Қапалбек Б. және т.б.

Қ40 **Әдебиеттік оқу.** Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. 1-бөлім / Б.Қапалбек, Л.Нұрғожина, Ш.Шортанбай. – Алматы: Мектеп, 2022. – 120 б., сур.

ISBN 978–601–07–1633–9

Қ $\frac{4306020400-096}{404(05)-22}$ 2(1)–22

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3(5Қаз)я71

ISBN 978–601–07–1633–9

© Қапалбек Б., Нұрғожина Л., Шортанбай Ш., 2022
© «Мектеп» баспасы, көркем безендірілуі, 2022
Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүлкітік құқықтары «Мектеп» баспасына тиесілі

Алғы сөз

Балалар, сендерге ұсынылып отырған «Әдебиеттік оқу» кітабы «Ана тілінен» алған білімдеріңді әрі қарай дамытуға көмектеседі. «Ана тілі» сендерді оқуға, айтуға, жаттауға үйретті. Ал «Әдебиеттік оқу» сол білімдеріңді, қалыптасқан сөйлеу дағдыларыңды одан әрі шыңдай түседі. Қазір сендер мәтінді оқып, мазмұнын айта аласыңдар. Енді өз беттеріңмен мәтін құруға жаттыға бастайсыңдар. Түсініп оқу, мұқият тыңдау, шебер сөйлеу, сауатты жазу дағдылары осы пән арқылы жетіледі. Сонымен бірге суретпен жұмыс жасап, жұптасып, топтасып тапсырма орындайсыңдар. Ауыз әдебиетінің, балалар әдебиетінің озық үлгілерімен танысу арқылы өз бойларыңа ізгі қасиеттерді қалыптастырасыңдар.

Әдебиеттік оқу кітабында тыңдалым тапсырмалары мен бейнематериалдар QR-код (📄) арқылы берілген. Жазылым тапсырмаларын орындайтын жұмыс дәптері бар.

Мәтіндерді оқып, берілген тәлім-тәрбиені бойларыңа сіңіріп, қолдана білулеріңе тілектеспіз. Білімді болу өз қолдарыңда.

Авторлар



1. ӨЗІМ ТУРАЛЫ

1-сабақ

Менің атым...



Өзіңді жақсы жағыңнан қалай таныстырар едің?

Үлгі: Менің атым –
Мен мейірімдімін.
Өйткені
Мен шыншылмын.
Өйткені



1-тапсырма. «Менің атым – Қожа» повесінен үзіндіні түсініп оқы.

...Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады да тұрады. Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін. Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттарды алып қараңдаршы. Айтуға да ықшам, естір құлаққа да жағымды...

Менің атым – Қожа. Көріп отырсыңдар, пәлендей әйдік ат емес... Сонымен мен өзім ес білгелі Қожамын. Ауыл-аймақтың бәрі солай атайды.

Біз бір класта екі Қожа бармыз. Сүттібайдың үлкен баласының аты да Қожа. Оқушылар екеумізді шатастырып алмас үшін өңімізге қарап мені Қара Қожа, оны Сары Қожа деп атайды... Фамилиям – Қадыров... Қадыр – менің әкем...

Бердібек Соқпақбаев



1. Мәтіннің негізгі кейіпкері кім?
2. Негізгі кейіпкердің есімімен аттас кейіпкер кім? Оны неге олай атайды?
3. Қожаға өзінің аты ұнай ма?
4. Мәтіннен екі Қожа жайында айтылған жерді тауып оқы.



Түсіндірме сөздік

Ықшам – 1) шағын, жинақы; 2) ыңғайлы, жеңіл, шақ.

Әйдік – үлкен, зор, дәу; бұл жерде: керемет, танымал емес деген мағынада.



2-тапсырма. Сөздікпен жұмыс.

1. Мәтіннен *танымал емес* деген мағынаны білдіріп тұрған сөйлемді тауып оқы.
2. Мәтіндегі *ықшам* сөзінің орнына мағынасы жуық сөздерді қойып оқы.



3-тапсырма. Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.

Бердібек Соқпақбаев (1924–1991) Алматы облысында туған. Қазақтың көрнекті балалар жазушысы. Ол – «Өлгендер қайтып келмейді» романының, «Менің атым – Қожа», «Аяжан», «Жекпе-жек», «Балалық шаққа саяхат» және т.б. балаларға арналған повестердің авторы.



1. Бердібек Соқпақбаев туралы не білесің?
2. Автордың қандай туындылары бар?



4-тапсырма. «Менің атым – Қожа» фильмінің үзіндісін көріп, өз пікіріңді достарыңмен бөліс.



Мінездеу – кейіпкерлердің сыртқы түр-тұлғасымен қатар мінез-құлқын, ішкі ойын, көзқарасын суреттеу.



5-тапсырма. Әрі қарай толықтырып айт.

Қожа – өз-өзіне есеп бере алатын, жасаған жағымсыз қылықтарын, қатесін түсініп, қорытынды шығара білетін бала.



6-тапсырма. Өзің туралы дәптеріңе жаз.

	Сұрақтар	Жауаптар
1	Сенің есіміңді кім қойды?	
2	Есімің қандай мағынаны білдіреді?	
3	Адам есімі оның өміріне әсер ете ме?	
4	Қандай есімдер ұнайды?	



7-тапсырма. Суреттегі кім? Ол не істеп отыр?



8-тапсырма. Бос уақытыңда «Менің атым – Қожа» фильмінің толық нұсқасын көр.



Берілген мақал-мәтелдерді тиісті сөздермен толықтырып оқы.

Қорқақ өз көлеңкесінен де

Ердің екі сөйлегені –

Ер жолдасы –

Қажетті сөздер: тәуекел, өлгені, қорқады.



1-тапсырма. Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқы.

Батырлығым ұстады,
Шықтым терек басына.

Сонау орта тұстағы
Жеттім ұя қасына.

Тұнық аспан төбемде
Тәрізді бір айна алды.

Қарап едім төменге,
Басым қатты айналды.

Мейлі, қалай ұқсаң да,
Мұнымды ерлік демеспін.

Шығуын бір шықсам да,
Түсе алатын емеспін.

Қадыр Мырза Әлі



1. Бала қайда өрмелеп шықты?
2. Оған аспан қандай болып көрінді?
3. Бала өзінің қорыққанын қай кезде байқады?
4. Баланың өз қателігін түсініп, өкінген жерін тауып оқы.



Түсіндірме сөздік

Терек – тал тұқымдасына жататын ағаш.

Тұнық – таза, мөлдір; *бұл жерде:* ашық, бұлтсыз аспан.




2-тапсырма. Көп нүктенің орнына түсіндірме сөздіктегі сөздерді қойып жаз. Не байқадың? *Тұнық* сөзін тағы нені сипаттауда қолдануға болады?

1. Таудан аққан су өте ... , салқын екен.
2. Көгілдір, ... аспан аясында қалықтап тырналар ұшып бара жатыр.
3. Үй айналасы қаптаған



3-тапсырма. Айтылым тапсырмаларын орында.

1. Өлеңдегі оқиғаға сүйеніп, төмендегі сызба бойынша баланы қысқаша сипаттап айт.



2. Өлеңдегі баланың іс-әрекетіне баға бер. Сен оған қандай кеңес берер едің? Өлеңнің мазмұнына сүйене отырып, соңын болжап көр.



4-тапсырма. Ақпаратпен танысып, сұрақ-тапсырмаларға жауап бер.



Қадыр Мырза Әлі (1935–2011) Батыс Қазақстан облысында туған. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, балалар ақыны. «Жаңғалақтар», «Күміс қоңырау», «Сабақ», «Алуан палуан», «Менің алғашқы әліппем» және т.б. балаларға арналған кітаптардың авторы. Ақынның 200-ден астам өлеңіне ән жазылған. Соның бірі – өзімізге таныс «Атамекен» әні.

1. Қадыр Мырза Әлі есімі саған таныс па?
2. Ақынның қандай өлеңдерін білесің?
3. Қадыр Мырза Әлінің балаларға арналған кітаптарын ата.

Кейіпкер – көркем әдебиетте баяндалатын оқиғаға қатысушы. Ертегілерде, мысалдарда кездесетін аң-құстар да, өсімдіктер мен жәндіктер де кейіпкер бола алады.




5-тапсырма. Өлеңдегі кейіпкер әрекетін өз сөзіңмен баяндап көр.



6-тапсырма. Сурет бойынша берілген сұрақ-тапсырмаларды орында.

1. Суреттегі кейіпкер кім деп ойлайсың?
2. Берілген сурет пен өлең мәтінінің арасында қандай байланыс бар?
3. Өз өміріңде осыған ұқсас оқиға болды ма?
4. Суреттегі табиғат көрінісін өз сөзіңмен баяндап бер.



7-тапсырма. Топпен орындайық!

1. Өлеңдегі кейіпкерді Қожамен салыстырыңдар.

Бала	Ортақ қасиеттері	Қожа

2. Балаға қандай кеңес берер едіңдер?



Қандай ұлттық ойындарды білесің? Саусақ санау санамағын білесің бе?



1-тапсырма. «Нешеуміз» өлеңін дауыстап оқы.

Ал санаңдар,
Санаңдар.

Бізге, достар,
Қараңдар.

Мен үлкені –
Ардақпын,

Дейді мамам:
«Ардақтым!»

Мен өнерпаз Арманмын,
Түрлі әуенге салғанмын.

Мен спортшы Албанмын,
Озып, жүлде алғанмын.

Мен суретші Айнатпын,
Үйдің ішін жайнаттым.

Мен кішкентай Әйбатпын,
Бөпешімді ойнаттым.

Санашы енді,
Нешеуміз?

Әрине,
Біз – бесеуміз.

Әбдірахман Асылбек



1. Өлеңдегі аты аталған балалар қандай?

2. Кішкентай Әйбатқа қандай тапсырма жүктелген?

3. Үйде он саусақтың көмегімен қандай жұмыстар атқарасың?

4. Өлеңде неше баланың аты аталады?



2-тапсырма. «Қуырмаш» ойынын еске түсіріңдер. Сол санамаққа сүйеніп, саусақ атауларын өз саусағыңнан көрсете отырып атап беріңдер.



3-тапсырма. Жұмыс дәптерінде берілген сызбаға әр саусақтың атауын жаз.



4-тапсырма. Санамақты тыңда (1-аудио). Бірге қосылып айт. Санамақты жаттап ал.



Тақпақ – көлемі шағын, жаттап айтуға жеңіл өлеңдер.
Санамақ – кішкентай балаларға сан үйретуге, санның ретін танытуға арналған ойын өлеңі.



5-тапсырма. «Он саусақ» өлеңін түсініп, мәнерлеп оқы.

Шаршы топпен жалғасып,
Күмбірлетіп күй тартсақ.
Он пернені дәл басып,
Ойнақтаған он саусақ.
Көкте бұлтпен таласқан
Он бес қабат үй салсақ.
Көк кірпішін қалаған
Тегеурінді он саусақ.
Алма, жүзім, өрікті
Майыстырып бау салсақ.
Ауылымызды көрікті
Ететін де он саусақ.

Шона Смаханұлы



1. Он саусақтың күй тартудағы қызметі қандай?
2. Құрылыс алаңында екі қолдың көмегімен атқарылатын жұмыстар туралы айт.
3. Қаламмен жазғанда неше саусағыңның көмегін пайдаланасың?
4. Саусақтарыңның көмегімен тағы қандай жұмыстар атқаруға болады?
5. Өзің басқа қандай санамақ түрін білесің?



6-тапсырма. Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.



Шона Смаханұлы (1924–1988) Жамбыл облысында дүниеге келген. Белгілі ақын, жазушы, сатирик. «Шимайбек пен Шыңқетпе», «Қу түлкінің сыбағасы», «Ұры тіс», «Шымшыма», «Айға ұшамын» кітаптарының авторы.

1. Автордың ана тілі туралы өлеңін білесің бе?
2. Шона Смаханұлының қандай кітаптары бар екен?



7-тапсырма. «Нешеуіміз» өлеңі мен «Он саусақ» өлеңін салыстырыңдар.

«Нешеуіміз»

Ұқсастығы

«Он саусақ»



8-тапсырма. Берілген тірек сөздерді пайдаланып, санамақ құрастырып жаз.

Бір дегенім – ... ,
Шықтық содан өсіп.
Екі дегенім – ... ,
Далам, тауым, көгім.
Үш дегенім – ... ,
Үміт ақтар жігіт.
Төрт дегенім – ... ,
Төзе білем өзім.
Бес дегенім – ... ,
Бағалайтын уақыт.

үміт

төзім

бақыт

елім

бесік



Саған қандай кітаптар ұнайды? Оқыған кітаптарыңның оқиғаларымен бөліс (қызықты, күлкілі, шытырман, қорқынышты, таңғажайып).



1-тапсырма. «Шоқан асулары» повесінен үзіндіні түсініп оқы.

Шоқан Әубәкір молдадан түрікше хат тани бастады. Әубәкір молда Шоқанның қиялшыл, алғыр, ұғымталдығына қызықты. Оған өзі білетін ақындардың шығармаларын оқытты.

Шыңғыс Әубәкір молданы әдейілеп Орынбордан көшіріп алып келген-ді. Алдымен балаларын ана тілінде сауаттандыру ниеті болған. Сондықтан ол:

– Шоқанға өзің білетін барлық оқуыңды үйрет. Бұларға енді жеті жұрттың тілін білу керек, – дейтін.

Бір күні Шоқан Айғаным әжесінің үйіне келді. Еркелеп келіп, әжесіне бетінен иіскетіп:

– Әже, мен сізге бүгін бір қисса ала келдім. Өзім оқып берем, – деді.

Шоқан Әубәкір молдадан сұрап әкелген «Бозжігіт» қиссасын оқып берді. Айғанымның Шоқан оқуынан бірінші тыңдаған қиссасы осы еді. Салмақпен асықпай, байыпты оқып, әрбір бөлімін орнымен баяндағанына риза болып, батасын берді.

Шоқанның әрбір жаңа кітапты оқыған сайын оқуға құмарлығы өрши түсті. Әубәкір молда алып келген бір кішкене әңгіме кітапты оқып көруге Шоқан сондай

құмартуда. Бірақ молда өзі «оқы» деп берген жоқ. Ал рұқсатсыз алып оқуға әдеп сақтап жүр.

Сапарғали Бегалин



1. Шоқанның әкесі молданы неліктен көшіріп әкелді?
2. Шоқанның қандай жақсы қасиеттерін байқадың?
3. Шоқанның кітапқа қызығушылығы қалай басталды?



2-тапсырма. Жұптасып орындайық.

1. Шоқанның әкесінің «Жеті жұрттың тілін білу керек» деген сөзін қалай түсінесіңдер?
2. Кітапқұмар Шоқанның болашағы қандай болатынын болжап көріңдер.

Қисса – шығыс әдебиетінің сюжетіне шығарған жыр, дастан, ертегі-хикаялар.



3-тапсырма. Айтылым тапсырмаларын орында.

1. Берілген тірек сөздерді пайдаланып, Шоқанның асқан білімді, атақты тұлға болуына қандай қасиеттердің себеп болғанын айтып бер.

әдептілік

зеректік

кітапқа
құмарлық

2. Қисса сөзімен мағыналас қатарды тап.

- а) жыр, жаңылтпаш;
- ә) мақал-мәтел, мысал;
- б) жыр, дастан.

3. Шоқан әжесіне қандай қисса оқып берді?



4-тапсырма. Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.

Сапарғали Бегалин (1895–1983) Семей өңірінде дүниеге келген. Қазақ балалар әдебиетінің негізін салушылардың бірі. Ақын, жазушы, аудармашы. Жазушының «Замана белестері» атты романы бар. Сонымен бірге «Жеткіншектер», «Шоқан асулары», «Ермектің алмасы», «Қыран туралы аңыз» т.б. кітаптардың авторы.



1. Сапарғали Бегалин қайда, қай жылы дүниеге келген?
2. Берілген мәтінде жазушы С.Бегалин Шоқанды қалай бейнелеген?



5-тапсырма. Сурет бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Суретте кімдер бейнеленген?
2. Шоқан әжесіне қандай кітап оқып отыр деп ойлайсың?



6-тапсырма. Кітапты көп оқыған адам қандай болады? Дәптердегі күн сәулелеріне жаз. Жазылған сөздердің ішінен екі сөзді таңдап, сөйлем құрастыр.





Ребусты шеш. Қандай сөз шықты? Мағынасын түсіндір.



1-тапсырма. Өлең үзіндісін түсініп, мәнерлеп оқы.

Балалық шағы –
 Патшаның тағы,
 Тіл жетпес оны бағалап.
 Көп өтпей жыл,
 Тек жүрмей, біл,
 Ілгергі күнді сағалап.
 Үйрен білім жастықта,
 Білмей өс жанға қастық та!..

Білген жан – көсем!
 Сөйлесе – шешен,
 Жұртты аузына қаратар.
 Істегені – өрнек,
 Қор қылмас ермек,
 Нәрсені іске жаратар.
 Білімдінің сөзі – ем,
 Мейірімі көп, өзі – кең!..

Мағжан Жұмабаев



1. Автор неліктен балалық шақты патшаның тағына теңеген?
2. Уақытыңды босқа өткізбей немен айналысу қажет?
3. Білімді адамның сөзін неліктен барша жұрт ұйып тыңдайды?

4. «Білімдінің сөзі – ем» деп неге айтылған?
5. Білімді адамның бойында қандай қасиеттер болады?
6. Өлең мазмұнын өз сөзіңмен айтып бер.



Түсіндірме сөздік

Тақ – патша отыратын орын.

Көсем – бұл жерде: қиын-қыстау сәттерде ақыл табатын, яғни білімді адам.

Шешен – бұл жерде: топ алдында шебер сөйлейтін адам.



2-тапсырма. Көп нүктенің орнына берілген тірек сөздерді қойып, сөйлемді толықтырып оқы.

Патша отыратын қадірлі орын ... деп аталады. Қиын-қыстау сәттерде ақыл табатын білімді адамды ... дейді. ... – топ алдында шебер сөйлейтін адам.

тақ

шешен

көсем



3-тапсырма. Ақпаратпен танысып, сұрақ-тапсырмаларды орында.

Мағжан Жұмабаев (1893–1938) Қазақстанның солтүстік өңірінде дүниеге келген. Ол – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, жазушы, аудармашы, педагог-ағартушы. Ақынның «Өтірік ертеке», «Қойлыбайдың қобызы», «Қорқыт», «Батыр Баян», «Жүсіп хан», «Ертегі» атты поэмалары бар. Сонымен бірге көптеген аударма, өлеңдердің авторы.



1. Мағжан Жұмабаевтың қандай өлеңімен таныстыңыз?
2. Өлең не жайында?
3. Мағжанның поэмаларын ата.



4-тапсырма. Өлеңге сүйеніп, берілген сөздерді сәйкестендіріп айт.

Білген жан	шешен
Сөйлесе	ем
Білімдінің сөзі	көп
Мейірімі	көсем




5-тапсырма. Суреттер бойынша сұрақтарға жауап бер.



1. Суреттерден кімдерді көріп тұрсың?
2. Берілген суреттердің өлең мәтінімен байланысы қандай?
3. Бала кезінен білімді жақсы меңгерген адамның болашағы қандай болады?



6-тапсырма. Өлең мазмұнына сай білімді адам жайлы кластер құрастырып жаз.





Адам бойында болатын жақсы, жаман қасиеттерді көрсет. Жақсы, жаман қасиеттер адам бойында қалай қалыптасатынын білесің бе?

әдептілік

мейірімділік

ұқыптылық

қызғаншақтық

сыпайылық

жалқаулық



1-тапсырма. Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен үзіндіні тыңдап (2-аудио), жаттап ал.



1. «Ғылым таппай мақтанба» деген жолдың мағынасын қалай түсінесің?
2. Адам бойындағы асыл қасиеттерге нелер жатады?
3. Осы қасиеттердің қайсысы сенің бойыңнан табылады?
4. Ақын мақтаншақтықты неліктен адам баласының дұшпанына теңейді?



Түсіндірме сөздік

Қанағат – барға ризалық ету, тойым.

Рақым – қайырым, мейірім, шапағат, көмек.



2-тапсырма. Адам бойында кездесетін қасиеттерді өлең мазмұнына сай анықтап айтыңдар.

Негізгі ой – автордың шығарма арқылы айтқысы келген негізгі мақсаты, көзқарасы, ұстанымы.



3-тапсырма. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі бес асыл іс пен бес дұшпанды екі қобдишаға бөліп салыңдар.



4-тапсырма. Ақпаратпен танысып, сұрақ-тапсырмаларды орында.



Абай Құнанбайұлы (1845–1904) – қазақтың ұлы ақыны, философ, ағартушы. Семей өңірінде туған. Қазақ өлеңіне көп жаңалық енгізген жаңашыл ақын. Көптеген өлеңдер, үш поэма, қырық бес қарасөз жазған. «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Жаз», «Күз», «Қыс» және т.б. өлеңдері бар.

1. Абайдың қандай өлеңдерін жатқа білесің? Айтып көр.
2. Абай туралы тағы не айта аласың?
3. Ақын өлеңіндегі (2-аудио) негізгі ойды мұғалімнің көмегімен анықта.



5-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, мақал-мәтелдерді толықтырып жаз.

- | | |
|--------------------------------------|----------|
| 1. Жақсыға айтсаң, ... , | басылады |
| Жаманға айтсаң, | ашылады |
| 2. Жақсыдан ... , | білер |
| Жаманнан | күлер |
| 3. Жақсымен сөйлессең, көңілің ... , | үйрен |
| Жаманмен сөйлессең, көңілің | жирен |



Бос торкөздерге әріптерді сан ретімен орналастыр. Сонда Ы.Алтынсарин әңгімесінің тақырыбы шығады.

1 2 3 4 5 6 7 8
Б Қ А Ш Ғ Т Р Ы

1	3	2	4	3

3	5	3	4	6	3	7	8



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Жаздың әдемі бір күнінде, таңертең бір кісі баласымен бақшаға барып, егілген ағаштарды көріп жүрді.

– Мынау ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қисық біткен? – деп сұрады баласы.

– Оның себебі, балам, анау ағашты бағу-қағумен өсірген. Ал мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен, – деді әкесі.

– Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой, – деді баласы.

– Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым. Мұнан сен де өнеге алсаң болады. Сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем деймін. Ал сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзік кісі болып өсесің. Бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсесің, – деді.

Ыбырай Алтынсарин



1. Бір кісі баласымен қайда барды?
2. Баланы қандай көрініс қызықтырды?
3. Әкесі баласына ағаштың түзу және қисық өсуін қалай түсіндірді?
4. Әкесінің баласына айтқан өнегелі сөзін тауып оқы.
5. Әкесінің өнегелі сөзіне өз пікіріңді білдір.



Түсіндірме сөздік

Түзік – бұл жерде: адал, әділ.



- 2-тапсырма.** Торкөздерден *түзік* сөзіне мағынасы жуық сөзді табыңдар.

д	у	а	д	а	л
л	р	в	з	х	а
қ	б	д	ю	л	і
щ	ә	д	і	л	қ



- 3-тапсырма.** Сұрақтар бойынша жауап беріңдер.

Жеңіл сұрақтар	Күрделі сұрақтар
Бағып-қағумен өсірген ағаш қалай өсті?	Әкесі баласын неліктен жас ағашқа теңеді?
Бағусыз ағаш қалай өсті?	Баланың тәрбиелі болуы кімге байланысты?



- 4-тапсырма.** Сұрақтар бойынша мәтінге жоспар құр.

Мәтіннің бөліктері	Сұрақтар	Жоспар
Басы	Оқиға неден басталды?	
Ортасы	Одан әрі не болды?	
Соңы	Оқиға немен аяқталды?	



5-тапсырма. Ақпаратпен танысып, сұраққа жауап бер.


Ыбырай Алтынсарин (1841–1889) Қостанай өңірінде туған. Қазақтың тұңғыш ағартушы-ұстазы, жазушы, ақын. Ол қазақ балаларына арнап алғаш мектеп ашып, оқу құралдарын жазған. «Балалар әдебиетінің атасы» атанған.



Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық!» өлеңін жатқа айта аласың ба?



6-тапсырма. Сурет бойынша сұрақтарға жауап бер.



1. Берілген суреттен кімдерді көріп тұрсың?
2. Мәтін мен суреттің байланысы қандай? Әкесі баласына қандай ақыл айтып тұр?



7-тапсырма. Орны ауысқан әріптерді бала тәрбиесі туралы мақал шығатындай етіп, өз орнына орналастыр. Жауабын жұмыс дәптеріңе жаз.

л а б а

б и е т ә р с і

б е с т е н і к



Күшті сөзінің мағынасын қалай түсінесің? Күшті сөзін естігенде көз алдыңа қандай адамның бейнесі келеді? Адам тек білектің күшімен ғана күшті бола ма?



1-тапсырма. Ертегіні түсініп оқы.

Ертеде бір қырғауыл мұздан сұрапты.

– Мұз, мұз, сен неден күшті болдың?

– Мен күшті болсам, бауырымды жаңбырға тестіремес едім.

– Жаңбыр, жаңбыр, сен неден күшті болдың?

– Мен күшті болсам, жерге жұтқызар ма едім.

– Жер, жер, сен неден күшті болдың?

– Мен күшті болсам, көк шөпке бауырымды жұлдырмас едім.

– Көк шөп, көк шөп, сен неден күшті болдың?

– Мен күшті болсам, көк тоқтыға мойнымнан жұлдыртпас едім.

– Көк тоқты, көк тоқты, сен неден күшті болдың?

– Мен күшті болсам, көк шұнақ қасқырға жұлқытпас едім.

– Көк қасқыр, көк қасқыр, сен неден күшті болдың?

– Мен күшті болсам, көк мылтыққа атқызбас едім.

– Көк мылтық, көк мылтық, сен неден күшті болдың?

– Мен күшті болсам, қоңыр шолақ тышқанға білтемді қидырмас едім.

– Тышқан, тышқан, сен неден күшті болдың?

– Мен күшті болсам, құмырсқаға інімді алдырмас едім.

– Құмырсқа, құмырсқа, сен неден күшті болдың?

– Алты батпан ауырды арқалаған күштімін, жеті батпан ауырды желкелеген күштімін, – деген екен құмырсқа.




«Қуыр-қуыр, қуырмаш»
кітабынан



1. Ертегідегі кейіпкерлерді ата.
2. Қырғауыл нені білгісі келді?
3. Кейіпкерлер өздерінің әлсіз тұстарын қалай жеткізді?
4. Құмырсқа неге бәрінен күшті болып шықты?
5. Құмырсқаны күшті кейіпкер етіп тұрған не?
6. Сызбаның көмегімен құпия хатты оқы. Мәтіндегі ең күшті кейіпкердің көркем тілмен айтқан сөзі қандай?

а	р	о	б	ю	р	д	ы	ү	ш
л	у	д	ц	э	ы	я	а	к	т
т	щ	ж	у	й	у	ч	р	н	і
ы	к	э	з	г	а	с	қ	а	м
б	а	т	п	а	н	м	а	ғ	і
в	ф	и	т	р	л	и	л	а	н





Түсіндірме сөздік

Батпан – бұл жерде: ауырлықты білдіретін ежелгі салмақ өлшемі.

Білте – ертерек кезде мылтықты, зеңбіректі оталдыратын тұтандырғыш зат.



2-тапсырма. Суреттегі кейіпкерлерді күштілігіне қарай ретімен атаңдар.



Ауыз әдебиеті – әдебиеттің ертеден келе жатқан түрі. Ауыз әдебиеті бірнеше салаға бөлінеді: батырлар жыры, тарихи жырлар, ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер т.б.



3-тапсырма. Бірге орындайық!

1. Ертегіні рөлге бөліп оқыңдар.
2. Ауыз әдебиеті түрлеріне мысал келтіріп, жатқа айтыңдар (мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш т.б.).



4-тапсырма. Жазылым тапсырмаларын дәптерге орында.

1. *Білте* сөзі берілген сөздердің қайсысына қатысты айтылған?

жапырақ

тышқан

мылтық

құмырсқа

2. Қай кейіпкердің жауабы екенін тауып жаз.

Мен күшті болсам, көк шөпке бауырымды жұлдырмас едім.	Мен күшті болсам, жерге жұтқызарма едім.	Алты батпан ауырды арқалаған күштімін, жеті батпан ауырды желкелеген күштімін.	Мен күшті болсам, қоңыр шолақ тышқанға білтемді қидырмас едім.



Әріптер арасынан жасырын сөздерді тап. Тағы қандай ұлттық аспаптарды білесің? Күй тыңдап көрдің бе?

к	у	б	ы	р
ү	т	м	қ	а
й	д	о	о	з
р	ш	л	б	ы



1-тапсырма. Мәтінді оқы.

Көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлінің «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деп жырлауында терең мән бар. Өйткені домбыра – қазақ халқының екі ішекті, көп пернелі ұлттық музыкалық аспабы. Әрі оның үні тыңдаушыға жағымды әсер етіп, шабыттандырады. Ол ішекті аспаптардың ең көне түріне жатады. Сол себепті домбыра – әр үйдің төрінде ілулі тұруға тиіс құнды қазына, рухани мұра.

Домбырамен әнді сүйемелдеуге, күй тартуға болады. Домбырада шертілетін «Сарыарқа», «Кісен ашқан», «Қайран Нарын», «Қайран шешем», «Адай» күйлерінде халқымыздың терең тарихы, асыл арманы көрініс тапқан. Домбыраның басы, құлақтары, пернелері, шанағы және ішектері болады.



1. Домбыра қандай аспап?
2. Домбырамен тартылатын күйлерді ата.
3. Домбыраны неге *ішекті аспап* деп атайды?
4. Өзің домбырада ойнай аласың ба?
5. Басқа қандай күйлерді білесің?



2-тапсырма. Домбыра туралы жұмбақтарды оқып, ұнағанын жаттап ал.

1. Бір жансыз мойнында бар екі құлақ,
Ойнайды дәл үстінде он шақты лақ.
Белінде сегіз белбеу, қолда екі арқан.
Қояды әркім оны бұрап-бұрап.
Бар екен маңдайында жалғыз көзі,
Болады тоқсан түрлі айтқан сөзі.
2. Ұзын мойын, екі ішек,
Қатар-қатар тепкішек.
Басып көрсең бір-бірлеп,
Үн шығады күмбірлеп.
3. Тиіп кетсе жылаған,
Дауысы көпке ұнаған.



1. Жұмбақтардың шешуі берілмегенде, оның домбыра екенін қандай тірек сөздерге қарап табар едің?
2. Жұмбақтарда домбыраны қалай сипаттаған?
3. Жұмбақтарда кездесетін сан есімдерді тап.



3-тапсырма. Халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты Е.Жаменкеевтің орындауындағы Құрманғазының «Төремұрат» күйін тыңдап, сұрақтарға жауап бер.



1. Орындалған күй ұнады ма?
2. Қандай күйшілерді білесің?
3. Күй тағы қандай аспапта орындалады?

Жұмбақ – халық ауыз әдебиетінің бір түрі. Шешуін табуға арналған қысқа шығарма.



4-тапсырма. Жұмыс дәптеріңе жаз.

1. Жұмбақтардың ішінен домбыраны жануардың бейнесі арқылы сипаттаған сөздерді теріп жаз.
2. Суретте қандай аспаптар берілген? Аттарын жаз.



5-тапсырма. Жұмбақтардың шешуін тап.

Жеті ішектен жеті түрлі үн шығар,
 Әуезінен жеті тарау мұң шығар.
 Ойнап кетсең түрлі-түрлі жыр шығар,
 Бұл аспап, қай аспап?

сыбызғы

барабан

Кепкен жарғақ,
 Шеңберге керілген.
 Соқсаң сарнап,
 Үн шығады төгілген.

Саусақ батпас түтіктен,
 Сандуғаш құс сайрайды.

жетіген



Қожа деген кім? Есіңе түсір. Қара Қожаның тәртібі қандай еді?



1-тапсырма. «Менің атым – Қожа» повесінен алынған үзіндіні түсініп оқы.

Таңертең мамам жайлауға қайтпақшы болды. Атын әкеп, ерттеп бердім. Ол менің басымнан сипап тұрып:

– Ал, Қожатай, ақылың бар баласың. Бәрін өзің түсінуің керек. Егер сен тағы бір шу шығаратын болсаң, онда маған өкпелеме... Әкеңнен қалған үй-мүлікке өзің ие бол, мен бұл үйден кетемін, – деді.

Мамамды құшақтай алдым:

– Жоқ, маматай, кетпеші, жаным мама! Ендігәрі тәртіпсіздік істесем оңбай, көгермей кетейін... – Көңілім босап, көзіме жас келіп қалды.

Мамам қолын иығыма салды:

– Сен жақсы жүрсең, мен ешқайда да кетпеймін... Мен үшін сенің адам болғаныңнан артық ешқандай бақыт жоқ, – деді.

Мамам жайлауға жүріп кетті. Мен мектепке келе жатырмын. Көңілім көтеріңкі, бойым сергек. «Мен үшін сенің адам болғаныңнан артық ешқандай да бақыт жоқ» деген сөзі құлағымнан кетер емес. «Сенші маған, маматай! Адам боламын. Мен енді кешегі Қожа емеспін, басқа Қожамын. Өзгерген Қожамын. Бүгін – менің жаңа өмірімнің бірінші күні».

Бердібек Соқпақбаев



1. Мәтіннің басты кейіпкері кім?
2. Анасы Қожаға өзінің ренішін қалай білдірді? Неге ренжіді деп ойлайсың?

3. Қожа өз-өзіне қандай уәде берді?
4. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар.
5. Мәтінді оқыған кезде қандай сезімде болдың?



Түсіндірме сөздік

Жайлау – малдың суы мол, шөбі шүйгін жазғы жайылымы.




2-тапсырма. Қалай ойлайсың?

1. Мықты азамат болу үшін адам бойында қандай қасиеттер болу керек?
2. Өзіңнің болашағыңды қалай елестетесің?



3-тапсырма. Сурет бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Суреттен кімдерді көріп тұрсың?
2. Анасы баласына қандай ақыл айтып тұр деп ойлайсың?
3. Суреттегі Қожаның көңіл күйін болжа.



4-тапсырма. Қожаның бойындағы, мінез-құлқындағы өзгерістерді салыстырыңдар.

Қожа өзгергенге дейін

Қандай мінезі өзгеріссіз қалды?

Қожа өзгергеннен кейін



5-тапсырма. Қожаның бойынан қандай қасиеттерді аңғаруға болады? Орны ауысқан әріптер арқылы Қожаның бойында бар жақсы қасиеттерді тап.

қ ы а д ы л

е м і р і й м і д

а л т і ш л ы ғ



«Нағыз адам» қандай болу керек деп ойлайсың? Сызбаны пайдаланып топтастыру жаса.



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Аптап, қуаң даладағы жалғыз үйдің қасында құдық бар. Бұл үйде атасы мен немересі тұрады.

Құдық басында ұзын арқанда бекітілген шелек бар. Жолаушылар мен әрі-бері өткен кісілер құдыққа бұрылып су ішеді, атайға алғыстарын жаудырады.

Бірде әлгі байлаулы арқан үзіліп, шелек терең құдық түбінде қалды. Атайдың одан басқа шелегі жоқ еді. Су тартып ішуге ыдыс табылмады. Келесі күні атайдың үйіне бір арбалы шаруа келді. Арбадағы сабанның астында шелегі көрініп жатыр екен. Жолаушы құдыққа көз жіберіп атай мен немересіне бір қарады да, атына қамшы басып, әрі қарай жүріп кетті.

– Бұл не қылған адам? – деп сұрады немересі атасынан.

– Бұл адам емес, – деді атасы.

Түске таман атайдың үйі тұсынан екінші жолаушы өтіп бара жатты. Ол арбадағы сабанның астынан шелегін алып, арқанға байлады да, құдықтан су тартты. Өзі қанғанша ішіп, атай мен немересінің де шөлін қандырды. Қалған суды құрғақ құмға төге салды да, шелегін қайтадан сабан арасына салып, жүріп кетті.



– Бұл не қылған адам? – деп сұрады немересі атасынан.

– Оны да әлі адам деуге болмайды, – деді атасы.

Кешке қарай атай үйінің маңына тағы бір кісі тоқтады. Ол арбасынан шелегін алып, арқанға байлады. Су тартып, сусынын қандырды. Содан соң алғысын айтып, жүріп кетті. Ал шелегі құдық басында арқанға байланған қалпында қала берді.

– Бұл қандай адам? – деп сұрады немересі.

– Міне, бұл – нағыз адамның өзі, – деп жауап берді атасы.

Василий Сухомлинский



1. Атасы жолаушылардың қандай әрекеттеріне қарап баға берді?
2. Атасы үшінші жолаушыны неге *нағыз адам* деп атады?
3. Мәтіндегі автордың негізгі ойын анықта.
4. *Қуаң* сөзін естігенде көз алдыңа қандай дала елестейді?



Түсіндірме сөздік

Қуаң – бұл жерде: шөл-шөлейтті, ылғалы тапшы жер.

Құдық – адамды, малды тұщы сумен қамтамасыз ету үшін арнайы қазылған тік шұңқыр.

Жолаушы – белгілі бір мақсатпен сапар шегуші, жол жүруші адам.




2-тапсырма. Жұптасып орында.

1. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар.
2. «Көліктегі жолаушылар» тақырыбына диалог құрастырыңдар.



3-тапсырма. Ақпаратпен танысып, сұраққа жауап бер.




Василий Александрович Сухомлинский (1918–1970) Украинада дүниеге келген. Кеңестік балалар жазушысы, жаңашыл педагог. «Балаға жүрек жылуы», «Ұлыма хат» кітаптарының авторы.

В.Сухомлинскийдің қандай кітаптары бар?



4-тапсырма. Суретке қарап, сұрақтарға жауап бер.



1. Суретте мәтіндегі оқиғаның қай бөлігі бейнеленген?
2. Құдық басында тұрған жолаушы туралы айтып көр.
3. Суреттен кейіпкерлерден басқа не көрдің?




5-тапсырма. Мәтіндегі оқиға желісін кестеге түсіріп, дәптеріңе жаз. Үлгі:

Кейіпкерлер	Әрекеттері	Сенің ойыңша



Суреттердегі ұлттық ойындарды ата. Ат жарысына, бәйгеге барып көрдің бе?



1-тапсырма. Өлеңді түсініп оқы.

Шүү, жануар!
Бұл менің
Алғаш атқа мінгенім.
Желдірмек боп атымды,
Қысып қалдым тақымды.
Атым желіп жөнелді,
Қайтсем екен мен енді?!
Батылдық жоқ жаңағы,
Зәрем ұшып барады.

Қыза түсті құрғыр ат,
Көзім кетті бұлдырап,
Жел еседі зуылдап,
Құлақ кетті шыңылдап.
Ат жалына жабысып,
Қолым қалды қарысып.
Тізгін жоқ сол қолдағы,
Қамшым жоқ оң қолдағы.
Құламасам болғаны,
Жыламасам болғаны.

Дүңкілдетіп даланы,
Атым шауып барады.

Күшімді сап ақырғы,
Қыса түстім тақымды.

Жер шетіне жетті ме,
Әлде өтіп кетті ме.

Мен ештеңе білмеймін,
Жоқ, енді атқа мінбеймін.

Ақыры атым тоқтады,
Қарсыдан жел соқпады.

Қорқынышым басылды,
Біткен құлақ ашылды.

Сол манағы қалпында,
Киіз үй тұр артымда.

Ақ таяғы қолында,
Атам да тұр орнында.

Құстай ұшқан сияқты ем,
Ұзамаппын бірақ мен.

Қорыққанымды жаңағы,
Жұрт білмесе жарады.

Қастек Баянбай



1. Өлеңнің кейіпкері кім?
2. Балада неліктен қорқыныш сезімі пайда болды?
3. Баланың атқа алғаш рет отырғанын өлеңнің қай жолдарынан байқауға болады?
4. Бала неге намыстанды?



Түсіндірме сөздік

Тізгін – аттың басын тежеу, басқару үшін пайдаланылатын, ауыздық шығыршығына байланатын қайыс.

Шабандоз – бәйге атына мініп шабатын бала.



2-тапсырма

Мәтіндегі
алғаш атқа
отырған бала
суреттегідей
шабандоз бола
ала ма?





3-тапсырма. Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.

Қастек Баянбай (1936–2021) Алматы облысында дүниеге келген. Көрнекті балалар жазушысы, ақын, аудармашы. «Балаларға базарлық», «Атай неге солақай», «Кемпірқосақ», «Тәтті сабақ» және т.б. кітаптардың авторы. Ақынның «Бар әдебиеттің бастауы – балалар әдебиеті» деген қанатты сөзі бар.




1. Бүгін Қастек Баянбайдың қандай өлеңімен таныс болдың?
2. Ақынның қандай кітаптары бар?

Өлең – көлемі қысқа келетін, ұйқасқа құрылған мәтін. Өзіне тән құрылысы, өлшемі, түрлері болады.



4-тапсырма. Өлеңдегі баланың қорқынышын сипаттайтын сөздерді суреттермен сәйкестендіріп айтыңдар.



қарысу

ұшу



шыңылдау

бұлдырау



5-тапсырма. Өлеңді керекті сөздермен толықтырып, жұмыс дәптеріңе жаз.

Тұлпарға

Желменен

Бәйгеде

Мен озып

... мінемін,
... шабамын,
... жарысып,
... келемін.

1-тапсырма. Берілген суреттерден өз есіміне көңілі толмайтын баланы тап.



2-тапсырма. Берілген үзінді қай мәтіннен алынған?

– Әже, мен сізге бүгін бір қисса ала келдім. Өзім оқып берем, – деді.

- а) «Менің атым – Қожа»;
- ә) «Оқуға құмар бала»;
- б) «Атқа міндім».

3-тапсырма. Мағжан Жұмабаевтың «Балалық шағы» елеңіндегі білімді адам қандай? Сөздерді дұрыс байланыстырып айт.

Сөйлесе	көсем
Мейірімі	шешен
Білген жан	көп

4-тапсырма. Көрсетілген қасиеттердің қайсысы Абай айтқан бес асыл іске жатпайды?

- а) талап;
- ә) еңбек;
- б) мейірім.

5-тапсырма. Қай ақын балалық шақты патшаның тағына теңейді?

- а) Абай Құнанбайұлы;
- ә) Қадыр Мырза Әлі;
- б) Мағжан Жұмабаев.

6-тапсырма. «Бүгін – менің жаңа өмірімнің бірінші күні» деп кім айтты?

- а) Шоқан;
- ә) Қожа;
- б) шабандоз бала.

7-тапсырма. Берілген суреттерден еңбектің арқасында бәрінен күшті болған кейіпкерді ата.



8-тапсырма. Берілген жұмбақтың шешуін тап.


Ұзын мойын, екі ішек,
Қатар-қатар тепкішек.
Басып көрсең бір-бірлеп,
Үн шығады күмбірлеп.

- а) домбыра;
- ә) гитара;
- б) сазсырнай.

9-тапсырма. Кестеде берілген сөйлемдерді оқып, нешінші жолаушы екенін анықта. Атай қай жолаушыны «Нағыз адам» деп бағалады?

Жолаушы құдыққа көз жіберіп атай мен немересіне бір қарады да, атына қамшы басып әрі қарай жүріп кетті.	Шелегін алып арқанға байлады. Су тартып, сусынын қандырды. Содан соң алғысын айтып, жүріп кетті. Ал шелегі құдық басында арқанға байланған қалпында қала берді.	Өзі қанғанша ішіп, атай мен немересінің де шөлін қандырды. Қалған суды құрғақ құмға төге салды да, шелегін қайтадан сабан арасына салып, жүріп кетті.

10-тапсырма. Ақын-жазушылардың портретін, аты-жөнін және шығармаларын сәйкестендіріп айт.

	Василий Сухомлинский	«Батыр Баян»
	Шона Смаханұлы	«Балаға жүрек жылуы»
	Сапарғали Бегалин	«Жеткіншектер»
	Мағжан Жұмабаев	«Айға ұшамын»

2. МЕНІҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ



15-сабақ

Тұсаукесер



Төмендегі салт-дәстүрлердің қайсысы саған таныс? Аталған дәстүрлердің бірі туралы айт.



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Тұсаукесер қаз тұрып, енді-енді жүре бастаған бөбек тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалады. Бөбектің тұсауын ата-ананың қалауымен ауыл-аймаққа сыйлы, құрметті, жүріс-тұрысы ширақ адам кеседі. Тұсауы кесілген балаға бата беріліп, жақсы тілектер айтылады. Баланың тұсауын «біреудің ала жібін аттама-сын» деген ырыммен ала жіппен кеседі. Рәсім кезінде тұсаукесер жырлары айтылады.

...Қаз-қаз, балам, қаз, балам,
Қадам бассаң, мәз болам!
Күрмеуіңді шешейін,
Тұсауыңды кесейін.
Қаз-қаз, балам, қаз, балам,
Тақымыңды жаз, балам!
Қадамыңа қарайық,
Басқаныңды санайық.

«Қуыр-қуыр, қуырмаш» кітабынан



1. Балаға тұсаукесер рәсімі не үшін жасалады?
2. Баланың тұсауын кім кеседі?
3. Тұсауыңды кім кескенін ата-анаңнан сұрап біл.



Түсіндірме сөздік

Күрмеу – жіп байлаудың бір тәсілі; бұл жерде: тұсауын кесетін баланың аяғына байланған жіп.



2-тапсырма. Тұсаукесер рәсімінің ретін сөйлемнің жалғасын табу арқылы сәйкестендіріп айтыңдар.

Тұсаукесер рәсімінде
кішкентай бала

бата беріп,
тілек айтады.

Ала жіппен
баланың

екі кісі
жетектейді.

Тұсау кесетін адам

ала жіпті кеседі.

Кішкентай баланы

аяғын байлайды.

Адамдар балаға

ортада тұрады.



3-тапсырма. Суретте қандай рәсім орындалуда? Айтып бер.



Тұрмыс-салт жырлары – салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты туған өлең-жырлар. Оларға төрт түлік туралы өлеңдер, бесік жыры, тұсаукесер т.б. жатады.



4-тапсырма. Жазылым тапсырмаларын орында.

1. Мәтінге қарап, көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жаз.

... шешейін, ... қарайық,
... кесейін. Басқаныңды

2. «Тұсаукесер» салт-дәстүрі жайлы үш-төрт сөйлеммен өз пікіріңді жазып көр.



5-тапсырма. Кім жылдам? Сұрақтардың дұрыс жауабын табыңдар.

1. Баланың тұсауын кім кеседі?

- а) үйге келген қонақ;
- ә) сыйлы, құрметті, жүрісі ширақ адам;
- б) анасы мен әкесі.

2. Баланың тұсауын ала жіппен не үшін кеседі?

- а) ала киім кимесін деген ырыммен;
- ә) біреудің ала жібін аттамасын деген ырыммен;
- б) өскенде тігінші болсын деген ырыммен.



Гүл күлтелеріндегі сөздерді пайдаланып, кім жайлы айтылып тұрғанын болжа.



1-тапсырма. Ермек Өтетілеуовтің «Менің анам» өлеңін мұқият тыңда (3-аудио).



Түсіндірме сөздік

Тағат, байыз таппау – бұл жерде: қатты алаңдау деген мағынада.



2-тапсырма. «Бәрі де, Ана» өлеңін мәнерлеп оқып, жаттап ал.



Бәрі де, Ана,
Бір өзіңнен басталды,
Сен деп жаздым алғаш өлең-
дастанды.

Қуандым ба,
Өзің бар деп қуандым.
Жыладым ба,
Өзің жоқ деп жас тамды.
Бәрі де, Ана,
Бір өзіңнен басталды.

Жанарыңнан көрдім алғаш аспанды.
Еркелесем, бір өзіңе еркелеп,
Жасқандым ба,
Тек өзіңнен жасқандым.

Алғашқы дәм, ол да сендік сүт еді,
Ақ сүт берген қашанда үміт күтеді.
Отанымның өзі сенен басталып,
Жауларыма жеткен жерден бітеді.

Қадыр Мырза Әлі



1. Тыңдаған өлеңде (3-аудио) ананың қандай асыл қасиеті жайында айтылған?
2. «Бәрі де, Ана» өлеңінде ақын өмір баспалдақтарының анадан басталатынын қандай жолдар арқылы сипаттаған?
3. Ананың ақ сүті жайлы не айтылған?
4. Өлеңнен ақынның қуану, жылау себебін тауып оқы.



3-тапсырма. Суретке қарап сұрақ-тапсырмаларды орында.



1. Суреттен кімдерді көріп тұрсың?
2. Суреттерге ат қой.
3. Әр суретті жеке-жеке әңгімелеп бер.
4. Сурет өлеңнің қай жолдарына сәйкес келеді?

Шумақ – өлең-жырларда, дастан-поэмаларда өлең тармақтарының (жолдарының) белгілі ретпен топтасуы.



4-тапсырма. Жазылым тапсырмаларын орында.

1. Берілген шумақ мазмұнын өз сөзіңмен дәптеріңе қысқаша жаз.

Бәрі де, Ана,
Бір өзіңнен басталды.
Сен деп жаздым алғаш өлең-
дастанды.

Қуандым ба,
Өзің бар деп қуандым.
Жыладым ба,
Өзің жоқ деп жас тамды.

2. Анаңа жылы лебіңді білдіріп, хатты жалғастыр.



5-тапсырма. Берілген жолдарды керекті сөздермен толықтырып оқы.

Анашым менің ... ,
Мәпелеп өсірген
Мейірімің қандай ... !?
Анашым менің

керемет

дарасың

баласын

анашым



Берілген тірек сөздерді оқып, кім туралы айтылғанын торкөздерден тап.

Асқар тауың

Отбасы тірегі

Отбасы қорғаны

а	р	с	о
л	б	у	ы
ж	ә	к	е

Отбасы
қамқоршысыОрны бөлек
жан

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатып, жолдан аттың бір ескі тағасын көріп, баласына:

– Анау тағаны, балам, ала жүр, – деді. Бала әкесіне:

– Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын, – деді.

Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді.

Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң, әкесі қайырылып, тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан сол үш тиынға бірталай шие сатып алды.

Сонымен шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бір-бірден алып жеп, баласына қарамай, аяңдап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Біраздан соң және бір шие, онан біраз өткен соң және бір шие, сонымен бала әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып:

– Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп алуға еріндің. Енді сол тағаға алған шиенің

жерге түскенін аламын деп, он еңкейдің. Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете білмесең – көптен құр қаласың, – деді.

Ыбырай Алтынсарин



1. Баласы әкесінің сөзін неге тыңдамады?
2. Әкесі сынық тағаны шиеге айырбастау арқылы баласына қандай үлгі-өнеге көрсетті?
3. Баласы өз қатесін қай кезде түсінді?
4. Мәтіндегі нақыл сөзді тауып оқып, мағынасын түсіндір.



Түсіндірме сөздік

Таға – аттың тұяғына қағылатын доға түрінде соғылған темір.

Ұста – темірден түрлі бұйым жасайтын шебер адам.



2-тапсырма. Кестедегі үлгіге қарап, қарапайым және күрделі сұрақтар құрастырыңдар. *Үлгі:*

Қарапайым сұрақтар	Күрделі сұрақтар
Әкесі баласына не айтты?	Әкесі өзінің әрекеті арқылы баласына қандай тәрбие берді?



3-тапсырма. Суретке қарап, сұрақ-тапсырмаларға жауап бер.

1. Суреттерді оқиға желісі бойынша ретімен көрсет.
2. Берілген сюжетті суреттерден кімдерді көріп тұрсың? Өз сөзіңмен баяндап бер.
3. Мәтін мазмұнын суреттерге қарап, сахналаңдар.
4. Алдыңғы сабақтарда Ыбырай Алтынсариннің қандай шығармаларымен таныстың?



4-тапсырма. Дәптерге жазылым тапсырмаларын орында.

1. Сұрақтарға жауап жаз.

Аттың тұяғына не қағылады?	
Таға неден жасалады?	
Темірден бұйым жасайтын адам кім?	

2. «Төртжақты күнделік» бойынша кестені толтыр.


Әңгіме кейіпкерлері	Мінездеме	Авторы	Кейіпкерге хат



5-тапсырма. Берілген мақал-мәтелді толықтырып оқы.

1. Әке – асқар  .

2. Әкеге қарап  өсер,

Шешеге қарап  өсер.



Ребусты шеш. Отбасыңдағы жасы өзіңнен үлкен қыз бала саған кім болады?



1-тапсырма. Тұманбай Молдағалиевтің «Менің әпкем» өлеңінен үзіндіні мұқият тыңда (4-аудио).



1. Өлеңде әпкенің мейірімділігі, жанашырлығы жайында не айтылған?
2. Ақын әпкеге деген сағыныш сезімін қалай жеткізген?
3. Әпке қандай адам? Өз ойыңды айт.



Түсіндірме сөздік

Бәйек болу – бұл жерде: қамқор болу.



2-тапсырма. Суретке қарап ойыңды айт.



1. Үнемі сен үшін бәйек болатын кім?
2. Өлеңде айтылған әпкенің қамқорлығы суреттерде қалай көрсетілген?



3-тапсырма. Ақпаратпен танысып, сұраққа жауап бер.

Тұманбай Молдағалиев (1935–2011) Алматы облысында туған. Қақтың көрнекті лирик ақыны, аудармашы. Оның он төрт том шығармалар жинағы бар. Ақын өлеңдерінің негізгі тақырыбы – табиғат, ел, жер, махаббат, отан, өскен орта. Ақын көптеген әндердің сөзін жазған.



1. Тұманбай Молдағалиевтің қандай өлеңімен таныстыңыз?
2. Ақын өлеңдерінің негізгі тақырыбы қандай?

Ұйқас – өлең-жырлардағы тармақ буындарының келесі тармақ буындарымен үйлесуі. Мысалы, өзіміз танысқан «Менің әпкем» өлеңінде әр тармақтың соңғы буындары кезектесіп ұйқасып (*абаб*) тұр:

Кейде бәйек бола қап, – *а*
 Асымды да қойды алға. – *б*
 Сағатына қарап ап, – *а*
 Жібереді ойнауға. – *б*




4-тапсырма. «Ұйқасын тап» ойыны. Өлеңнің әр жолы дұрыс ұйқасу үшін қажетті сөздерді қойып, толықтырып дәптерге жаз.

Өзің барда мен қуанып ... ,
 Менің әпкем алтын ғой деп
 Айта берсем сөз жетпейді ... ,
 Мейірімді болғаныңа





Кластерді мұғалімнің көмегімен түсіндіріп, толықтыр.



1-тапсырма. Мақал-мәтелдерді түсініп оқы. Мағынасын түсіндір.

1. Отанды сүю отбасынан басталады.
2. Отбасының сәні – сыйластық,
Достың сәні – қимастық.
3. Отбасының өнегесі – Отан өнегесі.
4. Ата – бәйтерек,
Бала – жапырақ.
5. Ағаның үйі – ақ жайлау.



1. Мақал-мәтелдер қай тақырыпта айтылған?
2. Отбасы мен Отанды не байланыстырады?
3. Туған-туыс, ағайындар арасында қандай қарым-қатынас болуы керек?
4. Ата-анаға қандай құрмет көрсету қажет?
5. Өзіңе ұнаған мақал-мәтелдерді жаттап ал.

Мақал-мәтел – түйінді ойды білдіретін, тура мағынасымен қатар астарлы мағына да бере алатын ықшам нақыл сөз.



2-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, сәйкестендіріп айтыңдар.

Отан	оқ жонар тон пішер
Әке көрген , Шеше көрген	оттан да ыстық
Ана алақанының ... – , Ақ шынардың	саясы аясы



3-тапсырма. Торкөздердегі жасырын атауларды тауып, жұмыс дәптеріңе жаз.

ә	п	к	е	а
к	е	л	і	н
е	с	ж	н	а
а	ғ	а	і	т



4-тапсырма. Суретке зер сал.



1. Суретке қандай ат қояр едің?
2. Сурет бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар.
3. Суретте бейнеленген адамдарды туыстық атауларымен ата.



«Сұрақтар тақтасы» кестесі бойынша жауап бер.

Досыңның аты кім?	
Достар қандай болу керек?	
Досыңа қандай тілек айтар едің?	



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, мазмұнын айт.

Екі дос жолдастасып келе жатып, бір аюға ұшырапты. Бұл екі кісінің біреуі әлсіз ауру, екіншісі мықты жас жігіт екен. Аюды көрген соң бұл жігіт ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетіпті. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге өлген кісі болып жата қалды. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп тұрды да, дыбысы білінбеген соң, тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:

– Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті? – деп. Сонда ауру досы:

– Аю құлағыма екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма деді, – дейді.

Ыбырай Алтынсарин



1. Екі дос қандай қауіп-қатерге тап болды?
2. Достар аюдан қорғану үшін қандай әрекет жасады?
3. Ағаш басына өрмелеп шығып кеткен досының әрекетіне қандай баға бересің?




Түсіндірме сөздік

Қауіп-қатер – қатерлі жағдай, нәрсе, оқиға.



2-тапсырма. Қауіп-қатер қандай жағдайда болуы мүмкін? Топтастыру жасаңдар.



3-тапсырма. «Жаман жолдас» мәтінінің негізгі ойы қандай? Не түйдің?



4-тапсырма. Сурет бойынша сұрақтарға жауап бер.



1. Суретте мәтіндегі оқиғаның қай тұсы бейнеленген?
2. Екі досқа қандай қауіп-қатер төніп тұр?
3. Суреттегі жалпы көріністі әңгімелеп бер.



5-тапсырма. Бірге орындайық!

1. Ағаш жапырақтарына керек сөздерді тауып қойып, сұраққа жауап беріңдер.



2. «Достар қандай болу керек?» тақырыбында бір-біріңмен қысқа диалог құрыңдар.



6-тапсырма. Жазба жұмыстарын дәптерге орында.

1. Екі досқа сипаттама жаз.

Қиындықта қалып қойған досы	Ағаш басына шығып, аюдан құтылған досы

2. Тірек сөздерді қатыстырып досыңа хат жаз.

көмек

адал

ақылды

сенімді

мақтанамын



Берілген суреттерден нағыз достардың іс-әрекетін айтып, өз ойыңмен бөліс.



1-тапсырма. Нақыл сөзді тыңда (5-аудио).



1. Нақыл сөзде жаман дос деп қандай адамды айтқан?
2. Қандай адамды жақсы дос деуге болады?
3. Неліктен жаман достан сақтану керек деп ойлайсың?
4. Нақыл сөзді қайталап тыңдап, негізгі ойды анықта.

Нақыл сөз – даналық қорытындыға құрылған мейлінше жинақы әрі мағыналы сөз. Нақыл сөз өлеңмен де беріледі. Мысалы: 5-аудиода А.Құнанбайұлының нақыл сөзі берілген.



2-тапсырма. Жазба жұмыстарын дәптерге орында.

1. Қажетті сөздерді пайдаланып, нақыл сөзді толықтырып жаз.

... дос – көлеңке: басыңды ... шалса, қашып құтыла алмайсың; басыңды ... шалса, іздеп таба алмайсың.

Қажетті сөздер: жаман, күн, бұлт.

2. Берілген ақпаратты пайдаланып, досың жайлы шағын мәтін жаз.

Досыңның аты кім?	Қай сыныпта оқиды?	Сабақты қалай оқиды?	Бос уақытында немен айналысады?	Досыңа қандай баға бересің?
-------------------	--------------------	----------------------	---------------------------------	-----------------------------

3. Өз достарыңның бойынан қандай жақсы қасиеттерді көргің келеді?



3-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, мағынасын бір-біріңе түсіндіріңдер.



4-тапсырма. Берілген әріптерден басталатын досыңның қасиеттерін айт.

Д –

О –

С –

Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа



Достар арасында болатын жақсы, жаман қасиеттерді екі себетке бөліп сал. «Нағыз достық» дегенді қалай түсінесің?



өтірік айту

уәдеде тұрмау

адалдық

сенім білдіру

жақсы

қызғаныш

шынайылық



жаман



1-тапсырма. Дос туралы мақал-мәтелдер мен атақты адамдардың достық туралы айтқан нақыл сөздерін оқы.

1. Жігітті жолдасынан таны.
2. Күлме досыңа – келер басыңа.
3. Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа,
Жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа.
4. Жүргендер көп достық атын малданып,
Қалмағайсың сен де бірде алданып.

Әл-Фараби

5. Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас.

Абай Құнанбайұлы

6. Махаббат, достық, бауырмалдық – адамның ең бір асыл қасиеттері.

Ғабит Мүсірепов

7. Шын дос сыртыңнан мақтайды.

Бауыржан Момышұлы



1. Мақал-мәтелдердің мағынасын өз сөзіңмен айтып бер.
2. «Адамды досына қарап таны» деген сөздің мағынасын қалай түсінесің?

3. Жақсы адаммен жолдас болу арқылы адам мұратқа жете ала ма? Дәлелдеп көр.
4. «Жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа» дегенді қалай түсінесің?



2-тапсырма. Достық туралы нақыл сөздерді авторымен сәйкестендіріп айт.

Жүргендер көп достық атын малданып,
Қалмағайсың сен де бірде алданып.

Шын дос сыртыңнан мақтайды.

Әл-Фараби

Бауыржан Момышұлы

Махаббат, достық,
бауырмалдық –
адамның ең бір асыл қасиеттері.

Ғабит Мүсірепов



3-тапсырма. Сурет бойынша сұрақтарға жауап бер.



1. Суреттен кімдерді көріп тұрсың?
2. Қалай ойлайсың, олар тату ма?
3. Оны неден байқадың?



4-тапсырма. Нағыз дос қандай болады? Дәптеріңе жаз.



Берілген сөйлемдерді *өйткені* сөзімен жалғастыр. *Дос-тық* деген ұғымның мағынасы қандай екен?

Әр адамға дос керек.

Өйткені

Мен досымды жақсы көремін.

Досқа адал болу керек.

Досы көп адам – алынбайтын қамал.

Мен досымды ренжітпеймін.



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Ертеде бір ақылды қария болыпты. Бір күні сол қарияға бір жігіт келіп:

– Ақсақал, мен қандай жігітпін? Сынаңызшы, – депті. Қарт жігітке:

– Жолдасыңды көрсет, сонан соң айтамын, – депті. Жігіт жолдасын қартқа жіберіпті. Қарт жігіттің жолдасымен ұзақ сөйлесіп, ақырында жігіттің өзін шақырыпты. Жігіт келген соң, қарт:

– Шырағым, жаман жігіт емессің, – депті.

– Қалайша олай дейсіз? Мені бұрын көрген жоқсыз ғой? – депті жігіт. Қарт күліп:

– «Жігітті жолдасына қарап бағала» дейді халық, – деген екен.

Ауыз әдебиетінен



1. «Жігітті жолдасына қарап бағала» дегенді қалай түсінесің?

2. Қария жігіттің қандай екенін білу үшін кіммен ұзақ сөйлесті? Неге?

3. Берілген мәтінге төмендегі тақырыптардың қайсысы сәйкес келеді?

Достық

Досына қарап
адамды таны

Қария мен
жігіт



Түсіндірме сөздік

Ақсақал – жасы үлкен, құрметті ер адам, қария.

Сынау – бұл жерде: байқау, тексеру.



2-тапсырма. Жазылым тапсырмаларын орында.

1. Берілген сөйлемдерден жігіттің сөзін тап.

1. Шырағым, жаман жігіт емессің.

2. Жолдасыңды көрсет, сонан соң айтамын.

3. Ақсақал, мен қандай жігітпін? Сынаңызшы.

2. Берілген сұрақтардың жауабын дәптердегі кестеге жаз.

Жігіт қарияға не үшін келді?	Қария жігітті қалай сынамақ болды?	Қария жігітке қандай баға берді?

3. Керек сөздерді қойып, мақал-мәтелдерді толықтырып жаз.

1. Кемшіліксіз ... іздеген адам ... қалады.

2. Дұшпан ... айтады, дос ... айтады.

3. ... теңгең болғанша, жүз ... болсын.

Керек сөздер: жүз, досың, дос, күлдіріп, доссыз, жылатып.



3-тапсырма. Берілген сызба бойынша топтастыру жаса. *Қария* қандай адам?



4-тапсырма. Сурет бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Суретте кімдер бейнеленген?
2. Қария жігітке қандай шарт қойып жатыр деп ойлайсың?



5-тапсырма. Берілген мақалдардың сыңарын тауып оқы. Өз пікіріңді білдір.

Ағаш тамырымен мықты,

Жолдасы көбейсе,

Шын жолдас – сөзге берік,

Асы бар қазан сүйкімді,

Досыңның төрінде болғанша,

Көңілінде бол.

Досы бар адам сүйкімді.


Ерге серік.

Адам досымен мықты.

Жол кеңейеді.



Суреттерге қарап, достарыңа көмектескен оқиғаларыңды айтып бер.



1-тапсырма. Ертегіні түсініп, рөлге бөліп оқыңдар.

Бір құмырсқа өз илеуіндегі тобынан бөлініп, сол маңдағы ара, қоңыз секілді жәндіктермен дос болыпты. Бірде жем іздеп шыққан құмырсқа жол үстінен бір дән тауып алады. Жалғыз өзі әрі-бері әуреленіп, дәнді орнынан қозғалта алмайды. Содан соң көмек сұрап, өзінің қанатты достарын іздейді.

Бір уақытта гүлден-гүлге қонып, шырын жинап жүрген араға жолығады.

– Досым, бір дән тауып алып едім, жалғыз өзім көтере алмадым. Маған көмектесіп жіберші, – деп өтінеді.

– Көрмей тұрсың ба, мен де жұмыс істеп жатырмын ғой, – деп, ара көнбей қояды.

– Солайы солай ғой, мейлі, – деп, құмырсқа әрі жүріп кетеді.

Ол енді қоңызды тауып алады. Мән-жайды айтып, көмек сұрайды.

– Сен үшін өз еңбегімді еш қыла алмаймын, – деп, қоңыз ызыңдап ұшып кетеді.

Достарынан күдер үзген құмырсаққа мұңайып келе жатады. Жолда өзінің илеулестерімен ұшырасып қалады. Олар мұның түрін көріп:

– Саған не болған? Не істеп жүрсің? – деп жөн сұрайды.

Құмырсақ басынан кешкен оқиғасын баяндап береді.

– Жалғыздық деген сол, – деп, илеулестері құмырсақаны жұбатып, дәнін көтерісіп алып кетеді. Осылай құмырсаққа илеуіне қайта қосылады.

«Жаңа достың қадірі ескі досқа жетпейді», – деген екен сонда бір кәрі құмырсақ.



«Бабалар сөзі» кітабынан



1. Ара мен қоңызды құмырсақаның досы деуге бола ма? Неге?
2. Оларда досқа тән қандай қасиет болмады?
3. Құмырсақаның илеулес достары адал, нағыз достар екенін қалай көрсетті?
4. Ертегінің соңын болжап көр. Құмырсаққа өз достарына не деп айтуы мүмкін?
5. Ертегіден кәрі құмырсақаның айтқанын тауып оқы.



Түсіндірме сөздік

Илеу – бұл жерде: құмырсақалардың шоғырланған мекені, яғни құмырсақалардың ұясы.

Күдер үзу – үміті үзілу, түңілу.



2-тапсырма. Әр жануардың мекендейтін үйін ата.

Ара

Құмырсқа

Аю

Тышқан



3-тапсырма. Берілген сұрақтарға сүйене отырып, ертегіні бөліктерге бөліңдер. Сол бойынша жоспар құрып айтыңдар.

Ертегі бөліктері	Сұрақтар	Жоспар
Басы	Оқиға неден басталды?	
Ортасы	Әрі қарай не болды?	
Соңы	Оқиға немен аяқталды?	

Ертегі – ауыз әдебиетінің бір түрі. Ертегіге тән ерекшелік – өткенді қиялмен ұштастыра болжау. Көбінесе қарасөзбен беріледі.



4-тапсырма. Ертегіні сахналап көріңдер.





5-тапсырма. Сурет бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Суреттен нелерді көріп тұрсың?
2. Суретке сәйкес келетін қандай мақал білесің?



6-тапсырма. Қиықшаларда жазылған мақал бөліктерін дәптерге сәйкестендір.



25, 26-сабақтар

Өткенді бекіту

1-тапсырма. Берілген суреттердің ішінен тұсаукесерді көрсет. Суреттер бойынша әңгімеле.



2-тапсырма. Үзінді қай өлеңнен алынған?

...Бір өзіңнен басталды,
 Сен деп жаздым алғаш өлең-дастанды.
 Қуандым ба,
 Өзің бар деп қуандым.
 Жыладым ба,
 Өзің жоқ деп жас тамды.

«Менің анам»

«Бәрі де, Ана»

«Менің әпкем»

3-тапсырма. «Аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете білмесең – көптен құр қаласың» деген нақыл сөз қай мәтінде айтылған?

Тұсаукесер

Жаман жолдас

Әке мен бала

4-тапсырма. Торкөздерден отбасы жайлы мақал-мәтелді тап.

к	ю	у	а	у	ш
ө	з	қ	т	а	ы
ш	о	н	о	қ	с
о	т	а	т	б	а

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып оқы. Берілген өлең шумағы кім жайлы?

Киімімді ... ,

Барлық ынта,

Үйдегі бір ...

Өзі шығар деймін мен.

6-тапсырма. Берілген сөздерден мағыналы тіркестер құрастырып, дәптерге жаз. Сөз тіркестері қай мәтінге қатысты айтылған?

аю

жаман

дос

әрекет

жолдас

қалдыру

7-тапсырма. Мақалдарды сәйкестендіріп айт.

Күлме досқа,

Отан өнегесі.

Ел іші –

Келер басқа.

Отбасының өнегесі –

алтын бесік.

8-тапсырма. «Құмырсақ» ертегісіне қатысы жоқ кейіпкерлерді тап.

шегіртке

құмырсақ

ара

қоңыз

тышқан



3. МЕНІҢ МЕКТЕБІМ


28-сабақ

Кел, балалар, оқылық!



Берілген сөз бен суреттерді пайдаланып, оқу-білім жайлы мақал-мәтелді тап. Мағынасын түсіндір.

Оқу



1-тапсырма. «Кел, балалар, оқылық!» өлеңін түсініп оқып, жаттап ал.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық...
Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық...
Сиса көйлек үстіңде
Тоқуменен табылған.
Сауысқанның тамағы
Шоқуменен табылған.

Өнер-білім бәрі де
Оқуменен табылған...

Ыбырай Алтынсарин



1. Өлеңде ақын балаларды неге шақырады?
2. Мұғалімнің көмегімен өлеңнің тақырыбы мен автордың негізгі ойын анықта.
3. Өлең жолдарындағы ұйқасатын сөздерді тауып оқы.



Түсіндірме сөздік

Ықылас – бұл жерде: зерде, ынта, ниет, көңіл, назар.

Шырақ – бөлмені жарық етіп тұратын шам (майшам); бұл жерде: жол, сәт, бақ деген ауыспалы мағынада тұр.



2-тапсырма. Топтасып орындайық.

1. Мақал-мәтелдерді есте сақтаңдар!

Ынтымақ түбі – игілік.

Ырыс алды – ынтымақ.

Ықылас пен ынтымақ
Бітер іске болсын тап.

2. Шырақ сөзінің тура мағынада қолданылатын нұсқасын таңда.

1. Шырағым-ау, кешігіп қайда жүрсің?
2. Үміт шырағы сәнбесін.
3. Сөредегі шырақты алып кел.
4. Оқу – білім бұлағы,
Білім – өмір шырағы.



3-тапсырма. Жазылым жұмыстарын орында.

1. Торкөздерде берілген тірек сөздерді тауып, өлең мазмұнын өз сөзіңмен жаз.

а	о	л	ю	б	ц
ы	қ	ы	л	а	с
р	у	с	р	ф	й
ш	б	і	л	і	м

2. Білімді адам қандай болады?



4-тапсырма. Суреттегі балалардың іс-әрекеті туралы айт. Пікіріңді білдіріп, ортақ тақырып қой.



5-тапсырма. «Төрт сөйлем» әдісі бойынша өлең тақырыбы туралы өз пікіріңді білдір.

Пікір... . Дәлел... . Мысал... . Қорытынды... .



6-тапсырма. Берілген өлең жолдарын ретімен қойып оқыңдар.

Тілегенің алдыңнан

Ықыласпен тоқылық

Кел, балалар, оқылық

Шамнан шырақ жағылар

Іздемей-ақ табылар

Оқығанды көңілге

Оқысаңыз, балалар



Алғаш мектеп табалдырығын аттаған кезіңді есіңе түсір. Суреттерге қарап әңгімеле.



1-тапсырма. Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқы.

Жетіге аяқ басқалы
Жүз жыл өткен сияқты.
Ұмыт бола бастады
Созған күндер құлақты.

Күңтізбенің биылғы
Бетін күнде аударам.
Менің туған күнімді
Ұмытты ма, әлде анам?

Өтіп жатыр ретімен
Көктем жазға жалғасып.
Осындайда жетіден
Кетпедім бе, әлде асып.

Қанша жүрем күтініп,
Бөкпенімді жеп текке.
Балабақты бітіріп,
Барсам екен мектепке.

Қастек Баянбай



1. Өлең кімнің атынан баяндалып тұр?
2. Бала қайда баруға асықты? Оның жасы нешеде?
3. Баланың оқуға қызығушылығын өлеңнен тауып оқы.
4. Баланың бойында қандай жақсы қасиеттер бар?
5. Өлеңнің соңын болжап көр. Білімқұмар баланың болашағы қандай болады?



Түсіндірме сөздік

Күнтізбе – уақыт мезгілін есептеудің жүйесі, тәсілі.

Бөкпен – талқанды, қуырылған ұнды сүтке бөктіріп пісірген ас.



2-тапсырма. Жұптасып орындайық.

1. Бөкпен деген не?

а) тағам түрі;

б) адам аты;

ә) қатты металл түрі;

в) жемістің бір түрі.

2. Уақыт мезгілін есептеудің жүйесін тап.

а) күнделік;

б) күнтізбе;

ә) жылнама;

в) тұсбағдар.



3-тапсырма. Суретте мектепке баруға асыққан баланың көңіл күйі қалай бейнеленген?



4-тапсырма. Желкенді қайықтарды дұрыс орналастыру арқылы оқу-білімге қатысты мақал-мәтел құрастырып айт.



білім



мектеп



кеме



теңіз



5-тапсырма. Жұмыс дәптеріне орында.

1. Өлеңнен баланың мектепке баруға асыққан жерін тауып, көшіріп жаз.

Қанша жүрем ... ,

Балабақты ... ,

Бөкпенімді жеп

Барсам екен

2. Өлеңдегі кейіпкердің мінез-құлқын сипаттап жаз.

Кейіпкер	Мінез-құлқы
----------	-------------



Торкөздерден тірек сөздерді тап. Тірек сөздерге түсінік-теме беріп, оқылатын мәтіннің не туралы екенін болжа.

т	м	е	к	т	е	п	б	щ	ш
ж	а	к	ы	б	д	з	і	п	а
с	а	б	а	қ	ч	х	л	в	у
а	о	о	қ	у	ш	ы	і	а	у
ф	м	ұ	ғ	а	л	і	м	ы	з



1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңда (6-аудио).



- «Білім жолы мектептен басталады» дегенді мұғалімнің көмегімен түсіндіріп көр.
- Неге білім алу өте маңызды?



2-тапсырма. Сурет бойынша сұрақ-тапсырмаларға жауап бер.

- Суреттегі оқушының көңіл күйі қандай деп ойлайсың? Неге?
- Ұстазыңа гүлді жиі сыйлайсың ба?
- Ұстазды құрметтеу ненің белгісі?
- Ұстаз туралы қандай өлең, ән білесің?





Түсіндірме сөздік

Жұмыр жер – жер шары, жер беті.



3-тапсырма. Сөйлемді толықтырып жаз.


Егер барша мектептің қоңырауы бір жерден қағылар болса, онда олардың көңілді күмбірі тербелтер еді.

Мәтін – белгілі бір тақырып төңірегінде біріккен, мазмұнды сөйлемдер тізбегі. Мәтіннің негізгі түрлері: *аңгімелеу, сипаттау, пайымдау.*



4-тапсырма. Жұптасып орындайық.

1. Мәтін ережесіне сүйеніп топтастыру жасаңдар.



2. Мақалдың жалғасын тауып оқыңдар. Мағынасын түсіндіріңдер.





Ұстазың жайлы топтастыру жаса.



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Қажетті ақпаратты «Түртіп алу» әдісімен белгіле.

Бұлбұлдың ерекше әншілік қабілетін таныған ұстазы:

– Бұлбұл, ержеткен соң кім боласың? – деп сұрады.

Шәкірт ойланбастан:

– Әнші болам, – деді езуіне тәтті күлкі үйіріліп.

– О-о! Әнші болу – үлкен арман әрі үлкен өнер. Әнші болу үшін ұстаздың қатаң талабына шыдасаң, сені үлкен жол адастырмай арманыңа жеткізеді, – деді ұстазы.

– Ол қандай талап? Мен бәріне де төземін, – деді Бұлбұл...

Ұстаз Бұлбұлдың анасына:

– Балаңыз туралы айтыңызшы. Бала жас шыбық секілді. Қисық өскен бұтағын кесіп, түзеп отыру керек, – деді.

– Көп ұйықтайды, арманшыл. Үлкен мақсатына тек қиялмен жетем дей ме деп қорқамын. Еңбектенуі де аз. Бала ширақ болу керек емес пе?! Ата-анаға қазір қолғабыс тигізбегенде, қашан тигізбек? – деді анасы.

Анасының сөзін естіп отырған Бұлбұл қып-қызыл боп кетті. Жиналыс соңында Бұлбұл мен ұстаз оңаша қалды...

– Мұғалім, енді ерте тұратын боламын, – деді Бұлбұл балалық мінез танытып.

– Тек ерте тұру ғана емес, ата-ана алдындағы балалық парызды ақтау бар. Тәртіпке өз-өзіңді көндіруің керек, – деді ұстазы.

Бұлбұл үнсіз басын изеді. Шынында да, ол осы оқиғадан соң, ата-анасын таңғалдырды. Ерте тұрып, барлық шаруаға үлгерді. Сабақты да жақсы оқыды. Сахнада ән де салды...

Өсиет әңгіме



1. Ұстазы Бұлбұлдың бойынан қандай өнерді байқады?
2. Бұлбұл ұстаздың қандай сөзінен кейін ойланып қалды?
3. Ұстаздың сөзін тауып оқы.
4. Қалай ойлайсың, Бұлбұл неліктен ұялып қалды?
5. Бұлбұл өз қатесін қалай түзеді?



2-тапсырма. Мәтіндегі кейіпкерлер сөздерін тауып оқы. Қорытынды жаса.



Бұлбұлдың сөзі

Өз пікіріңді айт.



Мұғалімнің сөзі

Өз пікіріңді айт.



Анасының сөзі

Өз пікіріңді айт.



Түсіндірме сөздік

Талап – бұл жерде: ұстаз алдындағы міндет, жауапкершілік.

Ширақ – бұл жерде: жүріс-тұрысы, қимыл-қозғалысы жылдам, тез деген мағынада.

Қолғабыс – көмек, жәрдем.



3-тапсырма. Айтылым тапсырмаларын орында.

1. Мәтін мазмұнын ретімен орналастыр.

1	Бұлбұлдың уәде беруі.
2	Анасының ұстазға уайымын жеткізуі.
3	Ұстазының Бұлбұлға кеңес беруі.
4	Ұстаздың Бұлбұлдың анасымен сөйлесуі.
5	Ұстаздың Бұлбұлға сұрақ қоюы.

2. Бұлбұлдың орнында болсаң не істер едің?

3. Сыныбыңда әнші боламын деп жүрген оқушы бар ма?



4-тапсырма. Топпен орындайық.

1. Достарың туралы екі-үш сөйлем құраңдар.

2. «Бала ширақ болуы керек» дегенді қалай түсінесіңдер? Өздеріңді Бұлбұлмен салыстырып көріңдер.



5-тапсырма. Жұмыс дәптеріне орында.

1. Текшеге адам бойында болуға тиісті жақсы қасиеттерді жазып толықтыр.



2. Бұлбұлға өзіңнің ақыл-кеңесіңді айтып хат жаз.



Берілген жұмбақты шеш. Жұмбақтың шешуін қандай тірек сөздерге қарап анықтадың?

Жапанда бір нәрсе бар аузы жабық,
Ашылар мезгілінде бауырын жазып.
Ішінде толып жатқан қазына бар,
Қорек қып пайдаланар барша халық.



1-тапсырма. Өлеңді түсініп, рөлге (автор мен кітап) бөліп оқыңдар.

Әр беті сатпақ-сатпақ,
Сірескен шимай-шатпақ.
Жұлма-жұлма жыртық кітап
Өзіне қарап жадап-жұтап;
Ашу қысып, ызаланып,
Иесіне бұрылып, назаланып:
– Ей, оқушы балам! – деді,
– Қарашы өзің маған! – деді.
– Жап-жаңа сүйкімді кітап едім,
Білім бұлағы – саған, – деді.
Бірінші тоқсанға жетпей,
Азырақ сыйлап, құрмет етпей,
Белшеден кірге батырдың,
Қолға алғысыз болып жатырмын.
Мұқабамды мылжа-мылжа қып жыртың,
Беттеріме білеудей қолыңды сүрттің.
Қаламыңмен тесіп, түртіп,
Шұрқ тесігімді шығардың,
Бұл қорлыққа қалай шыдармын?
Саған қызмет етуден басқа ниетім жоқ,
Бірақ жұртқа қарар бетім жоқ.

Ойланшы өзің, балам!
 Не жазығым бар саған?! – деп,
 Ызалы, жыртық кітап жылады.

Өтебай Тұрманжанов



1. Өлеңде не туралы айтылған?
2. Кітап өзінің мұңын қалай шақты?
3. Бұл қандай баланың кітабы болуы мүмкін?
4. Кітап иесінің сыртқы келбеті мен мінез-құлқын сипаттап көр.
5. Өлеңге тағы қандай ат қоюға болады?



Түсіндірме сөздік

Сірескен – қатып қалған; *бұл жерде*: толып кеткен, көп деген мағынада.

Мұқаба – кітаптың сыртқы тысы.



2-тапсырма. Қалай ойлайсың?

1. Кітапқа мұқаба не үшін қажет? Ойыңды айт.
2. Дұрыс тіркес құрастырып айт.

а)

Аяғы	сіресіп қалды
Жаздың күні	
Мектеп	

ә)


Жыл соңы	сірескен
Қол-аяғы	
Жазу	

3. Оқулықты таза, ұқыпты ұстай білудің үш ережесін құрастыр.



3-тапсырма. Сурет бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Төмендегі суреттен қандай оқушыны көріп тұрсың?
2. Ол оқу құралдарын қалай ұстайды екен? Оны неден байқадың?
3. Кітабының мұқабасы қандай?
4. Бұл балаға қандай ақыл-кеңес берер едің?



4-тапсырма. Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.

Өтебай Тұрманжанов (1905–1978) еліміздің Оңтүстік өңірінде дүниеге келген. Балалар әдебиетінің өкілі, ақын, жазушы, аудармашы. Ол – көптеген өлең, мысал, ертегі, поэма, әңгімелердің авторы. Оның «Менің кітабым», «Сұңқар түлектері» және т.б. кітаптары бар.



1. Жазушының шығармалары кімдерге арналған?
2. Ө.Тұрманжановтың қандай кітаптары бар?



5-тапсырма. Жұмыс дәптеріне орында.

1. Тіркестер мен сөздерден кітапқа байланысты мақал-мәтелдер құрастырып жаз.

кітап

тоқығандікі

кітап –

тілсіз мұғалім

кітап – ғалым

оқығандікі

білім

алтын қазына

2. Кітап туралы жұмбақ құрастырып жаз.



Берілген сөздерді дұрыс орналастыру арқылы жұмбақ құрастыр.

Білімнен

сый-

ұясы

мол

асы

Балғындардың



1-тапсырма. Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» повесінен үзіндіні мұқият тыңда (7-аудио).



1. Ауыл-аймақ, балалар неліктен қуанды?
2. Жұрт балаларын неге жырақтағы мектепке апаратын?
3. Алғашқы сабақ қай жерде басталды?
4. Балалар үшін мектептің қолайсыз жақтары қандай еді?



Түсіндірме сөздік

Үркердей – бұл жерде: бір жерге топтанған, аз, шоғырланған, азғана деген мағынада.

Көгал – жайқалған көк шөпті жер, көк майса.



2-тапсырма. Жұмыс дәптеріне орында.

1. Бос орындарға тиісті сөзді мәтіннен тауып орналастыр.

... аз ауыл Қостөбеде бұған дейін жаңаша мектеп болмаған. Мектеп – ауылдан шеткерек шаңы аз ... жерге тігілген кәдімгі киіз үй.

2. «Хикая картасы». Мәтіндегі оқиға желісі бойынша жоспар құр.



3. Қазіргі мектеп пен алғашқы мектепті салыстырып жаз.

Салыстыруға арналған сұрақтар	Қазіргі мектеп	Алғашқы мектеп
Мектептің сырт келбеті қандай?		
Оқушылар қайда отырады?		
Балалардың киімдері қандай?		



3-тапсырма. Сурет бойынша сұрақтар мен тапсырманы орында.



1. Тыңдалым мәтіні мен берілген сурет сәйкес келе ме?
2. Балалар сабақты қалай оқып отыр?
3. Суретте берілген көріністі өз сөзіңмен айтып бер.



Суреттен кімдерді көріп тұрсың? Балалар қайда келді? Көңіл күйлері қандай?



1-тапсырма. Өлең үзіндісін түсініп оқып, мазмұнын өз сөзіңмен әңгімеле.

Алғаш
 Аздап именіп,
 Ауласына келеміз.
 Желкілдеген гүл болып,
 Құшағына енеміз.
 Өз аузына қаратқан
 Ұстаз ойын ұғамыз.

Сөйтіп,
 Әрбір сабақтан
 Сәл есейіп шығамыз.
 Көкке жетіп төбеміз,
 Көңілденіп тарқаймыз.
 Талаптанып келеміз,
 Қанаттанып қайтамыз.

Қастек Баянбай



1. Оқушылар мектепке қандай көңіл күймен барады?
2. Оқушылар өздерін неге теңейді?
3. Талапты, зерек оқушы қандай болуы керек?
4. «Қанаттанып қайтамыз» тіркесін қалай түсінесің?
5. Автордың мектеп жайлы айтқандарына не қосар едің?
6. Өлеңді жаттап ал.



2-тапсырма. Өлең жолдарын сәйкестендіріп оқыңдар.

Көңілденіп

Ұстаз ойын ұғамыз.

Көкке жетіп

Құшағына енеміз.

Өз аузына қаратқан

тарқаймыз.

Желкілдеген гүл болып,

төбеміз.



Түсіндірме сөздік

Желкілдеген – жайқалған, жайнаған, тербелген.

Жарқылдасу – көңілденіп, мәз болып, ашық-жарқын жүру.



3-тапсырма. Табиғатқа қатысты айтылған қатарды табыңдар.

1. Желкілдеген көк майсаның иісі мұрын жарады.
2. Айгүлдің көзі жарқылдап ұшқын атты.
3. Жазира желкілдеген көйлегін киіп, сыртқа шықты.



4-тапсырма. Қалай ойлайсың?

1. Мектепке келген оқушылардың жайнаған жүздерін көру мұғалімге қалай әсер етеді?
2. Жақсы баға алу үшін не істеу керек?



5-тапсырма. Берілген жұмбақтардың шешуін тауып жаз.

Қабат-қабат қатталған,
Асыл сөзбен апталған.
Парағы бар сөйлейтін,
Ол қазына өлмейтін.

Ақыл-ойдың шырағы,
Зәулім көктей шынары.
Биігіне бойлаған,
Қанбайды адам құмары.

Шәкіртке жанашыр,
Мейірбан кім, жаны асыл?



Ребустың шешуін тап.



1-тапсырма. Өлең үзіндісін мәнерлеп оқы.

Балалар, аманбысың шырақтарым,
 Майысып көлге біткен құрақтарым!
 Жүрмесем есендесіп тұра алмаймын,
 Ішінен асып кетсе бір аптаның...

Білемін өмірлерің тұрған жайнап,
 Күндіз, түн жастық үшін жарық сайлап.
 Ай, жұлдыз, күннің көзі, жел менен су –
 Бәрі де сендердікі әлемге айғақ...

Күледі сендер күлсең ол да бірге,
 Оқы дейді, білім алып, босқа жүрме!
 Оқысаң, өмір кілті өз қолыңда,
 Жайнайды өмір ұқсап бейне гүлге...

Жамбыл Жабаев



1. Ақын балаларды неге теңейді?
2. Өлеңде жастық шақты табиғатпен қалай байланыстырған?
3. «Оқысаң, өмір кілті өз қолыңда» дегенді қалай түсінесің?
4. Өлеңдегі негізгі ой қандай? Өлеңді жаттап ал.



Түсіндірме сөздік

Құрақ – су жиегінде өсетін қамыстың жас, балауса кезі.

Айғақ – дәлел, куә; *бұл жерде*: әлемге әйгілі, баршаға белгілі деген мағына береді.



2-тапсырма. Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.

Жамбыл Жабаев (1846–1945) – қазақтың әйгілі ақыны, айтыскер, жыршы. Шу өзенінің бойындағы Жамбыл тауының етегінде дүниеге келген. Ақынның «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Көрұғлы» атты дастандары, көптеген айтыстары мен өлеңдері бар.



1. Жамбылдың балаларға арналған өлеңдерін білесің бе?
2. «Жамбылдың жастық шағы» көркем фильмін көрдің бе?
3. Жамбылдың айтыс ақыны екендігі туралы не білесің?



3-тапсырма. Өлең бойынша кестені толтыр.

Авторы	Тақырыбы	Өлең не туралы?



4-тапсырма. Керекті сөздерді орнына қойып, нақыл сөздерді оқыңдар.

1. Білімді мыңды ... ,
Батырдан дұшпан
2. Еңбек – ... дүниеде, ... – ұлық,
Ерінбей ... ерте тұрып.

қымбат

еңбек

ығады

жығады

ұмтылыңдар

1-тапсырма. Берілген өлең қалай аталады? Авторы кім? Оқысаңыз, балалар, Тілегенің алдыңнан Шамнан шырақ жағылар. Іздемей-ақ табылар.

2-тапсырма. Қастек Баянбайдың өлеңін тауып көрсет.

Менің әкем

Кел, балалар,
оқылық

Менің әпкем

Барсам екен
мектепке

3-тапсырма. Үзінді қай мәтіннен алынған?

Мамандық атаулыға апарар жол мектептен басталады.

4-тапсырма. «Әнші болу үшін ұстаздың қатаң талабына шыдау керек» деген қай мәтіннен үзінді?

5-тапсырма. Берілген тірек сөздерді пайдаланып мақал-мәтел құрастыр.

Оқу –

бұлағы

білім

өмір

білім –

шырағы

6-тапсырма. «Талаптанып келеміз, Қанаттанып қайтамыз» деген өлең жолдары қай өлеңнен үзінді?

а) «Кел, балалар, оқылық»;

ә) «Мектеп»;

б) «Балаларға».

7-тапсырма «Оқу оларға созса қол жетпейтін алыс армандай көрінетін» деген жолдар қай мәтіннен алынған?

а) «Білім жолы мектептен басталады»;

ә) «Ұстаз бен шәкірт»;

б) «Киіз үйдегі мектеп».



4. МЕНІҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ

38-сабақ

Қартқожаның туған жері



Берілген өлең үзіндісінде не туралы айтылған? Өз туған жерің жайлы әңгімеле.

О, туған жер, кеңпейіл, құшағың кең,
Саған көңіл бұлқынар күш-ағынмен.
Сағынышымды қанат қып саған қарай
Балапандай талпынып ұшамын мен.

Фариза Оңғарсынова



1-тапсырма. «Қартқожа» романынан үзіндіні түсініп оқы.

Қас қарайды. Қой өрістен келді. Арбаны төңіректеп, сүйкеніп сиырлар тұр. Үй басы есік алдына от жағып, кешкі сиырдың сүтін пісіріп жатыр. Қартқожа үйге сүйеніп, ашамайды шынтақтап, ауылға қарап отыр. Оған ауыл біртүрлі жылы, біртүрлі қызықты, ет бауыр жақын болып көрінді. Қоңырсыған сүт, қайнатқан қаймақ иісі де тәтті. Түтіннің иісі де күндегіден жағымды тәрізді.

Ыстық қой, шіркін, туған жер! Кім сүймесін өз жерін? Сүймесе – зердесіз сүймес. Жүрегі шерсіз, тілеуі бөлек, жетесіз сүймес... Туғалы ұзап шықпаған, әжесінің бауырында еркелеп өскен, үлбіреген балапан жүректі Қартқожа қайтіп сүймесін?! Қартқожа туған жерін жанындай сүйеді...

Жүсіпбек Аймауытұлы



1. Мәтінде қай мезгіл бейнеленген? Оны қайдан білдің?
2. Кім ауылға қызыға қарап тұр?
3. Қартқожаның туған жерге деген сүйіспеншілігі қандай көркемсөздермен берілген?
4. Мәтіннен автордың кешкі ауылдың көрінісін сипаттаған тұсын тауып оқы.
5. Өз туған жерің туралы айтып бер.
6. Туған жер туралы қандай қанатты сөздер, мақал-мәтел білесің?



Түсіндірме сөздік

Үй басы – бұл жерде: әрбір үй.

Ашамай – баланы атқа мінуге үйрету үшін қолданылатын ердің қарапайым түрі.

Зердесіз – зейіні жоқ, сезіну, аңғару қабілеті төмен.

Шерсіз – мұңсыз, қайғысыз.



2-тапсырма. Жұмыс дәптеріне орында.

1. Заттың атың және заттың сынын білдіретін сөздерді екі бағанға бөліп жаз.

ер-тоқым

жылқы

жағымды

ашамай

ат

асау

шерсіз

2. *Шерсіз* сөзінің антонимін жаз.
3. Өз туған жеріңді болашақта қалай гүлдендіретінің жайлы жаз.



3-тапсырма. Мәтінде кімнің бейнесі көрініс тапқан?



4-тапсырма. Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.

Жүсіпбек Аймауытұлы (1889–1931) Павлодар облысы, Баянауыл аймағында туған. Қазақтың көрнекті жазушысы. Ж.Аймауытұлының балаларға арналған «Жаман тымақ», «Көк өгіз», «Үш қыз» сынды ертегілері бар.



1. Жүсіпбек Аймауытұлының балаларға арналған қандай шығармалары бар?
2. Автордың шығармасындағы туған жер, ауыл көрінісі ұнады ма?
3. Туған жер дегенді қалай түсінесің?



5-тапсырма. Сурет бойынша сұрақ-тапсырмаларға жауап бер.



1. Суретте кімдер, нелер бейнеленген? Өз сөзіңмен айттып бер.
2. Мәтін мазмұны мен суреттің байланысы бар ма?
3. Суретте неше кейіпкер бейнеленген? Төрт түліктің нешеуі бар?
4. Қартқожаның ауылы мен өзің көрген ауылдың көрінісін салыстырып айт.



Суреттерге зер сал. Ортақ тақырып қойып, көргеніңді баяндап бер.



1-тапсырма. Өтебай Тұрманжановтың «Туған өлкем» өлеңін мұқият тыңда (8-аудио).



1. Туған өлкенің табиғаты қалай суреттелген? Егістік алқаптары мен қалалары ше?

2. Төрт түлік жайында не айтылған?

3. Бақытты еңбектен тапқан халық жайында не айтылған?



Түсіндірме сөздік

Түлік – малдың төрт түрінің жиынтық аты.

Төс – бұл жерде: тау мен төбенің беткей жағы, баурай.

Алқап – өңір, аймақ.



2-тапсырма. Жұптасып орындайық!

1. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, ұйқас құрастырыңдар.

Арайланып әрбір ... , **кәне бәріміз**

Арайланып ән мен

Туған жердің ,

Шырқайықшы

сәніміз

төсінде тұрып


тақымыз

2. Далалы аймақтың келбетін суреттеп көр.

3. Өзің тұратын жердің табиғатын суретке түсір.



3-тапсырма. Сызбаға қарап, туған жер жайлы не білетініңді тұжырымдап жаз.



4-тапсырма. Орны ауысып берілген сөйлемдерден мәтін құрастыр. Ойыңмен бөліс.

Олар оны адал еңбек, маңдай терімен қорғап, ұрпағына аманатқа тастап кеткен. Туған жер – біздің ата-бабамыздың жері. Біз олардың үмітін ақтауымыз керек.



Берілген торкөздерден қандай мақал-мәтелді оқуға болады? Мақал-мәтелдің мағынасын түсіндір.

ш	т	е	т	ф	ж
а	у	г	у	к	а
р	ғ	р	ы	і	т
д	а	е	ң	т	к
у	н	ж	д	ы	ш



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Мен қазір Астанада – бас қалада тұрамын, бірақ алыстағы балықшы ауылында туып-өстім. Кісінің тұрған жері де туған жерің сияқты көзге жылы, көңілге ыстық көрінеді. Адам баласы ешқашан кіндік қаны тамған жерін ұмытпайды. Сондықтан қайда жүрсең де, алпыс екі тамырың бүлк-бүлк етіп, «туған жер, туған жер» деп соғады.

Менің туған жерімде аңқылдаған, ақжарқын, қарапайым ауыл адамдары өмір сүреді. Сен оларды мейлі көр, мейлі көрме. Сен оларды мейлі біл, мейлі білме. Бірақ сенің де оларды іштей жақсы көретініңді сеземін. Өйткені олар туған жерді гүлдендіру үшін оның топырағына тер төгіп, күндіз-түні тыным таппай еңбек етеді. Ол, бәлкім, ауыл сыртындағы қоңыр төбеде күнде-күнде қой жайған қойшы болар. Ол, бәлкім, көк теңізден күнде-күнде балық аулаған балықшы болар. Ол, бәлкім, қара жерге дән сеуіп,

маңдай терімен жылда-жылда астық өндірген диқан болар. Олардың бәрі – ел игілігі үшін еңбек ететін туған жердің түлектері.

Әбдіжәміл Нұрпейісов



1. Мәтіннен туған жер туралы көркемсөздерді тауып оқы.
2. Туған жердің тұрғындары және олардың еңбектері жайында не айтылған?
3. Олардың ортақ мақсаттары не деп ойлайсың?
4. Дұрыс тіркес құра.

Жігіттер	тұрғындары
Жылы	
Қала	

Тұрғын	үйлер
	мемлекет
	аспан

5. Тұрған жерің, ондағы тұрған адамдар туралы өз ойыңды айт.



Түсіндірме сөздік

Тұрғын – белгілі бір мекен, ауыл, қала, үй, пәтерді мекен ететін адам.

Түлек – жас ұрпақ, жас буын, жеткіншек; *бұл жерде: сол жердің адамдары деген мағынада.*



- 2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазып шық.

1 туып-өстім.
2	Адам баласы ешқашан тамған жерін ұмытпайды.
3	Қайда жүрсең де, тамырың бүлкілдеп соғады.
4	Олардың бәрі – ел игілігі үшін еңбек ететін



3-тапсырма. Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.




Әбдіжәміл Нұрпейісов (1924–2022) Қызылорда облысының Арал өңірінде дүниеге келген. Көрнекті қазақ қаламгері. «Қан мен тер», «Күткен күн», «Соңғы парыз», «Толғау», «Қасиетінді қадірле» және т.б. кітаптардың авторы.

1. Ә.Нұрпейісовтің қандай шығармасымен таныстыңыз?
2. Жазушының кітаптарын ата.



4-тапсырма. Суретке қарап сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтіндегі тұрғындардың іс-әрекеті мен суреттерде ұқсастық бар ма?
2. Бірінші суретте адамдар қандай еңбек жасап жүр?
3. Екінші суретті қалай атауға болады? Көргеніңді әңгімеле.






Ребусты шеш. Қандай сөз шықты? Бұл кітаптың авторы кім? Кім туралы жазылған?



”””



”””



Й

Ы



1-тапсырма. «Абай жолы» романынан алынған үзіндіні түсініп, дауыстап оқы.

Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне шәкірт бала барын салды... Күнұзын аттан да түспей, өзге жүргіншілерден оқ бойы алда отырған... Арттағылар – Байтас пен жорға Жұмабай:

– Мына баланың ауылға асығуын-ай!

– Сорлы бала қыстай ішқұса болып қалған-ау, – деседі. Шәкірт бала ұзап кеткенде, бұлар да еріксіз желе шоқырақтап шауып отырып қуып жетеді...

Аздан соң Абай бұларды тосып алып, енді үшеуі бірдей ұзақ-ұзақ жарысуға айналды... Аттылар үйдің сыртына келе бергенде, алдарында, сол үлкен үй мен күншығыс жағына тігілген қонақүйдің екі арасында, бұларды күткен бір топ жан тұр екен... Бала көп ішінен, ең алдымен, өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Әй, шырағым балам, әуелі ар жағыңда әкең тұр. Сәлем бер! – деді. Абай жалт қарап барып жаңа

көрдi. Анадай жерде, қонақүйдiң сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен. Ыңғайсыздықпен қысылып қалған бала шешесінің сондайлық салқын сабырының мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды...

– Балам, бойың өсіп, ержетіп қалыпсың-ау! Бойыңдай боп білімің де өсті ме? – деді.

– Шүкірлік, әке, – деді...

Мұхтар Әуезов



1. Мәтіндегі шәкірт бала кім?
2. Абай Құнанбайұлы жайлы не білесің? Қандай өлеңдерін оқып таныстың?
3. Мәтіндегі жолаушылар кімдер? Олар қайда келе жатыр?
4. Абайды кімдер күтіп алды? Анасы неліктен алдымен әкесіне сәлем беруін сұрағанын түсіндір.
5. Мәтіннен Абайдың туған жерін сағынып, асығып келе жатқан жерін тауып оқы.
6. Абайдың әкесі Құнанбайдың «Бойыңдай боп білімің де өсті ме?» деген сөзін қалай түсінесің?



Түсіндірме сөздік


Күнұзын – күні бойы.

Ішқұса – мұңды, шерлі, қайғылы. *Бұл жерде: ойындағысын, сағынғанын ешкімге айта алмау.*



2-тапсырма. Суретке қарап сұрақтарға жауап бер.

1. Суреттің мәтінмен байланысы бар ма?
2. Суреттегі кімдер деп ойлайсың?
3. Абайдың жүзінен қандай көңіл күйді байқауға болады? Неліктен?



3-тапсырма. Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.


Мұхтар Әуезов (1897–1961) Семей өңірінде дүниеге келген. Қазақтың ұлы жазушысы, драматург, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым. «Абай жолы» (4 том) романының және т.б. шығармалардың авторы. М.Әуезовтің елу томдық шығармалар жинағы бар.



1. Мұхтар Әуезов Абай туралы қандай шығарма жазды?
2. «Көксерек» фильмін көрдің бе? Не туралы?



4-тапсырма. Сызбадағы ретпен мәтінге сүйеніп жауап бер.





Суреттен қай өңірді көріп тұрсың? Көргеніңді көркемдеп айт. Көкшетауды көргендерің бар ма?



1-тапсырма. «Жер қазғандар» повесінен ықшамдалып алынған мәтінді түсініп оқы.

Көкшетау маңы. Айнадай тұнық сулы көлшүмектің қасы. Көлшүмектің жағасындағы көк ала қамыс, құрақтар – айнаның жиегіне салынған әдемі өрнек сияқты. Аспан маужыраған қиырсыз көк мұхит сияқты. Көктегі шыжыған қызыл күн алтын шұғыласын жерге шашыратып ойнап тұрғандай. Жер-дүние, жан-жануар, жердегі өсімдік қазір маужырап, марғау тартып тұрған тәрізді. Ойпаңда көк ала құрақты кішкене көлшүмек. Айнала төңірек ылғи белес. Күншығыс жақта көгеріп, Көкшетаудың басы көрінеді. Тек күнбатыс жақтағы Көкшетау қаласына қараған жонның

оң жағы көсіліп жатқан қиырсыз дала. Көк ала көл-шүмек жап-жасыл. Оның айнадай суында зеңгір аспанның суреті көрінеді.

Сәкен Сейфуллин



1. Мәтінде қай өңір жайлы айтылған?
2. Аспанды, күнді, суды қалай суреттеген?
3. Судың тұнық, мөлдір екенін автордың қай сөздерінен білуге болады?
4. Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықта.
5. Мәтін бойынша қарапайым және күрделі сұрақтар құрастыр.

Қарапайым сұрақтар	Күрделі сұрақтар



Түсіндірме сөздік

Көлшүмек (көлшімек) – ойпаң жерге жиналған көлшік.

Марғау – бұл жерде: тып-тыныш, жым-жырт, мүлгу.

Ойпаң – төмен, ойлау жер.

Белес – ұзынша, дөңестеу болып жатқан белең, бел, жота, жон.

Жон – беткейлері көлбеу, бір бағытта созылып жатқан қырат.

Қиырсыз – ұшы-қиыры жоқ, шексіз, шетсіз, кең.

Зеңгір – биік, зәулім; бұл жерде: көк, көкшіл.



2-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, Көкшенің көркем табиғатын сипаттаңдар.

Көкшетау маңы	Сипаттама
Аспан	Маужыраған қиырсыз көк мұхит сияқты.
Күн	
Көлшүмек	



3-тапсырма. Көп нүктенің орнына *марғау* сөзінің синонимін қойып жаз.

Көлшүмектің маңы ... күйге енген.



4-тапсырма. Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.



Сәкен Сейфуллин (1894–1938) Жаңаарқа өңірінде дүниеге келген. Жазушы, ақын, қоғам қайраткері. Сәкен – «Тар жол, тайғақ кешу» атты романның және «Өткен күндер», «Асау тұлпар», «Экспресс», «Айша», «Жемістер», «Көкшетау», «Домбыра» және т.б. кітаптардың авторы.

1. Сәкеннің Көкшетау туралы көлемді туынды жазғанын білесің бе?
2. Сәкен Сейфуллин туралы тағы не білесің?




5-тапсырма. «Көкше» сөзжұмбағын шешіңдер.

1. Табиғи жарық көзі.
2. Өңір сөзінің синонимі.
3. Аспан мен жердің астасқан бөлігі.
4. Күннің сәулесі.
5. Халық сөзінің синонимі.

к						
ө						
к						
ш						
е						



Берілген сөздерден мақал-мәтел құрастырып айт. Қандай мақал-мәтел шықты? Мағынасын қалай түсінесің?



1-тапсырма. Өлең үзіндісін түсініп, мәнерлеп оқы.

Күнім сенсің, тас төбемде тұрса түн,
Анам сенсің, жолдан тайсам ұрсатын.
Саған қарай ұшып келем, туған жер,
Көктем жаққа құстар солай ұшатын...

Қайда жүрсем, ойлап сені жүремін,
Сүйікті елім, момын елім, ұлы елім.
Саған ғана арқамды мен сүйедім,
Саған ғана аяғымды тіредім.

Кетсем сенен алысырақ жыраққа,
Мен өзіңді көрмесем-ақ бір апта.
Жүдеп қалам, ұқсап қалам сонда мен
Құяр жерін таба алмаған бұлаққа...

Тұманбай Молдағалиев



1. Өлеңде автор туған жерге деген сүйіспеншілігін қандай сөздер арқылы жеткізген?
2. Ақын туған жерді кімге теңеген?
3. Туған жерге деген сағыныш, сүйіспеншілік сезімдерін білдірген тұсын тауып оқы.



Түсіндірме сөздік

Жырақ – алыс, шалғай, қашық.

Жүдеу – бұл жерде: мұңаю, жабырқау деген мағынада.



2-тапсырма. Берілген сөздердің екінші бөлігін себеттен тап. Қандай сөздер шықты?



Тақырып – әдеби шығармада айтылатын басты мәселе, шығарма мазмұнының негізгі арқауы.



3-тапсырма. Сөздерді оқып, тақырыппен байланыстырып ойларыңды жаз.



Анам сенсің




4-тапсырма. Туған жер туралы бес жолды өлең құрастырып көріңдер.

1. Бір зат есім.
2. Екі сын есім.
3. Үш етістік.
4. Туған жерді сипаттайтын сөйлем.
5. Синоним.



Ребусты шеш. Ребусты шешкен кезде көз алдыңа не елестеді?



””

Ы



””””



1-тапсырма. Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқы.

Көше бойы омбы қар,
Жиналамыз топтала.

Демей бетім домбығар,
Соғамыз зор аққала.

Ауыл сырты – биік жар,
Бізді күтіп, тұр қарап.

Төбесіне шығып ап,
Жөнелеміз сырғанап.

Көктің жүзін бұлт торлап,
Жерді жапса күміс қар.

Үйде ұстамақ кім зорлап,
Қыста қызық жұмыс бар!

Бүркіт Ысқақов



1. Өлеңде жылдың қай мезгілі суреттелген?
2. Қандай қысқы ойындар туралы айтылған?
3. Қыста қандай жұмыстар атқарасың?



Түсіндірме сөздік

Омбы қар – қалың түскен күртік қар.


Домбығу – ісіну.



2-тапсырма. Суреттерге қарап сұрақтарға жауап бер.

1. Сурет бойынша әңгімеле.
2. Қыста үлкендерге қалай көмектесесің?

3. Аққала соғу қысқы еңбек түріне жата ма?
4. Ойнап жүрген балалардың көңіл күйі қандай?



3-тапсырма. Ақпаратпен танысып, сұраққа жауап бер.



Бүркіт Ысқақов (1924–1991) Қарағанды облысында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысының ардагері. Белгілі балалар ақыны, аудармашы, ғалым. Ол балаларға арналған «Сенің Отаның», «Өнерпаз болсаң» және т.б. кітаптардың авторы.

Б.Ысқақов «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» мультфильмінің және көптеген ән мәтіндерін жазған.


«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» мультфильмін білесің бе?



4-тапсырма. Сөздерді суреттермен сәйкестендір.



КОНЬКИ



сноуборд



шаңғы



1-тапсырма. Берілген нақыл сөздерді түсініп оқы.

1. Ел үшін аянба – ерлігіңе сын, жұрт үшін аянба – жігіттігіңе сын (*Б.Момышұлы*).
2. Отан үшін отқа түс, күймейсің (*Б.Момышұлы*).
3. Туған жер – алтын бесік, асыл анам (*Ғ.Қайырбеков*).
4. ... Батыс жоқ, Шығыс та жоқ. Жер дейтұғын бір-ақ сөз – Ұлы сөз бар барлық тілде (*О.Сүлейменов*).
5. Ұлтсыздық – отансыздықтың белгісі (*Ш.Мұртаза*).
6. Отаншылдық – ең ізгі сезім (*Л.Н.Толстой*).
7. Ең зор ізгі ерліктерді Отанға деген сүйіспеншілік туғызған (*Жан-Жак Руссо*).



1. Отан, туған жер жайында не айтылған?

2. Нақыл сөздердің мағынасын өз сөзіңмен түсіндір.
3. Туған жер тақырыбына жазылған өлеңдерді білесің бе? Біреуін жатқа айт.
4. Қай жерде тұрасың? Тұрған жерің туралы әңгімелеп бер.



2-тапсырма. Жұмыс дәптеріне орында.

1. Берілген сұрақтарға жауап бере отырып, туған жер жайында не білетініңді жаз.
 - Сенің туған жерің қалай аталады?
 - Табиғаты қандай?
 - Туған жер тұрғындары жайлы не айтасың?
2. Берілген сөздерден мақал-мәтелдер құрастырып жаз.

Отансыз

басталады

Отан

адам –

бар –

зор

отбасынан


қор

Отаны



3-тапсырма. Суреттермен жұмыс жасап, сұрақ-тапсырмаларды орында.

1. Берілген суреттерге қарап, ауыл мен қаланың сыртқы келбетін салыстырып сипатта.
2. Ауылдағы табиғат көрінісі қандай?
3. Ауыл адамдарының тіршілігі туралы баянда.
4. Қала мен ауылдың байланысы қандай?
5. Туған жерің туралы әңгімелеп бер.



46, 47-сабақтар

Қорытынды

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, жұмыс дәптеріне жаз.

Қоңырсыған ... , қайнатқан ... иісі де тәтті. Түтіннің иісі де күндегіден ... тәрізді. Ыстық қой, шіркін, ... !

2-тапсырма. Оқып, кестені жұмыс дәптеріне толтыр.

Көгінде күн нұрын төккен,
Жерінде гүл жұпар сепкен.
Неткен сұлу, неткен көркем
Осы менің туған өлкем!

Өлеңнің тақырыбы	Өлеңнің авторы	Кім, не жайында айтылған?

3-тапсырма. Берілген сөздердің сипаттамасын жаз.

Төс – Алқап –

4-тапсырма. «Туған жерімнің тұрғындары» мәтінінің авторы кім?

Сәкен
Сейфуллин

Міржақып
Дулатұлы

Әбдіжәміл
Нұрпейісов

5-тапсырма. «Абай жолы» романының авторы кім?

- а) Өтебай Тұрманжанов;
- ә) Бердібек Соқпақбаев;
- б) Мұхтар Әуезов.

6-тапсырма. Өлең шумағын ұйқас сөздермен сәйкестендіріп оқы.

ұшатын.

Күнім сенсің, ...
Анам сенсің, ...

туған жер,

жолдан тайсам
ұрсатын.

тас төбемде
тұрса түн,

Саған қарай ұшып келем, ...
Көктем жаққа құстар солай ...

7-тапсырма. Бұл үзінді қай шығармадан алынған? Басты кейіпкері кім?

– Мына баланың ауылға асығуын-ай!

– Сорлы бала қыстай ішқұса болып қалған-ау, – деседі. Шәкірт бала ұзап кеткенде, бұлар да еріксіз желе шоқырақтап шауып отырып қуып жетеді.

8-тапсырма. Берілген нақыл сөздердің авторларын сәйкестендіріп айт.

Отан үшін отқа түс, күймейсің.

Л.Н.Толстой

Туған жер – алтын бесік, асыл анам.

Ш.Мұртаза

Отаншылдық – ең ізгі сезім.

Б.Момышұлы

Ұлтсыздық – отансыздықтың белгісі.

Ғ.Қайырбеков

ТЫҢДАУҒА АРНАЛҒАН МӘТІНДЕР

3-сабақ. Санамақ

1-аудио (11-бет)

Бір дегенің – білім,	Төрт дегенің – талап,
Білім – жарық күнің.	Талмайтұғын қанат.
Екі дегенің – еңбек,	Бес дегенің – бірлік,
Еңбек бәрін жеңбек.	Бірліксіз жоқ тірлік.
Үш дегенің – үміт,	Алты дегенің – арман,
Үмітсіз жоқ жігіт.	Атар таңың алдан.

Жеті дегенің – жігер,
Жетер жерін білер.
Сегіз дегенің – сенім,
Сүйенішің сенің.
Тоғыз дегенің – талғам,
Тура жолды салған.
Он дегенің – Отан,
Отанды сүй, ботам.

Әбдірахман Асылбек

6-сабақ. Ғылым таппай мақтанба

2-аудио (19-бет)

Ғылым таппай мақтанба,	Оған қайғы жесеңіз.
Орын таппай баптанба,	Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Құмарланып шаттанба	Еріншек, бекер мал шашпақ –
Ойнап босқа күлуге.	Бес дұшпаның, білсеңіз.
Бес нәрседен қашық бол,	Талап, еңбек, терең ой,
Бес нәрсеге асық бол –	Қанағат, рақым, ойлап қой –
Адам болам десеңіз.	Бес асыл іс, көнсеңіз...
Тілеуің, өмірің алдыңда,	

Абай Құнанбайұлы

16-сабақ. Бәрі де, Ана

3-аудио (44-бет)

Кішкентайы – мен үшін,
Тағат, байыз таппайтын.
Не жемесін, не ішсін,
Менсіз тағам татпайтын.
Шомылдырып кешкісін,
Мен жатпасам, жатпайтын –
Анам менің қандай-ды!

Ермек Өтетілеуов

18-сабақ. Менің әпкем

4-аудио (50-бет)

Киімімді жуады, Кейде бәйек бола қап,
Барлық ынта, зейінмен. Асымды да қойды алға.
Үйдегі бір мұғалім Сағатына қарап ап,
Өзі шығар деймін мен. Жібереді ойнауға.

Жүрем оның бейнесін
Жүрегіме орап мен.
Сағынамын көрмесем,
Алтын әпкем, жан әпкем.

Тұманбай Молдағалиев

21-сабақ. Жақсы дос – жан азығы

5-аудио (57-бет)

Жаман дос – көлеңке, басыңды күн шалса, қашып
құтыла алмайсың; басыңды бұлт шалса, іздеп таба ал-
майсың.

Абайдың 37-қарасөзінен

30-сабақ. Білім жолы мектептен басталады

6-аудио (74-бет)

Мектепке бару – әрбір баланың арманы. Білім жолы мектептен басталады. Мектеп білімін игеру оңай емес.

Егер мереке күндері балалардың мектепке әкелген гүлінен бір гүлшоғын жасар болса, оны салып қою үшін дәл стадионның аумағындай ыдыс керек болар еді!

Егер барша мектептің қоңырауы бір жерден қағылар болса, онда олардың көңілді күмбірі жұмыр жерді тербелтер еді.

Еліміздің әрбір балақаны үшін мектепте орындайын. Бізде барлық баланың оқып, білім алуына қақысы бар. Мұның бер жағында: олар оқуға міндетті. Егер олар оқып білім алмаса, онда не болар еді дейсіңдер ғой?

Сен өміріңде қандай да бір арманыңды жүзеге асыру үшін: болат балқытып, адамдарды емдегің келсе, комбайнды астықты алқапта жүргізіп, ұшақты көгілдір аспанда самғатқың келсе, зауыттарда машиналар жасап, орманды ойып сәнді қала орнатқың келсе, онда, ең алдымен, оқуың қажет! Мамандық атаулыға апарар жол мектептен басталады.

«Негеш» балалар энциклопедиясынан

33-сабақ. Киіз үйдегі мектеп

7-аудио (82-бет)

– Қостөбеде мектеп ашылатын бопты! Бала оқытатын мұғалім кепті! – деген қуанышты хабар әр үйдің түндігін бір желпең еткізді. Бұған, әсіресе балалар мәз.

Үркердей аз ауыл Қостөбеде бұған дейін жаңаша мектеп болмаған.

Жұрт балаларын Нарынқол, Сүмбе, Жалаңаш тәрізді жырақтағы мектептерге апаратын. Оған қолы қысқа халықтың бәрінің бірдей шамалары келмейді. Сондықтан да біздің ауылдың оқу жасындағы балаларының көпшілігі әлі күнге мектеп есігін ашып көрмеген. Оқу оларға созса қол жетпейтін алыс армандай көрінетін. Сол арман бір-ақ күнде топ етіп алақанға өзі келіп қонғалы отыр.

Мынау, міне, мектеп. Ауылдан шеткерек шаңы аз көгал жерге тігілген кәдімгі киіз үй. Осы киіз үйде біздің тұңғыш сабағымыз басталды.

Парта жоқ. Бірімізге-біріміз сығылысып, малдас құрып, жерде отырмыз. Киіміміз былғанады, астымыздан сыз өтеді деп қорқақтайтын біз емеспіз. Күл мен топыраққа еркін аунап өскендігімізді көрсетіп, мұғалім отырыңдар дегенде, шөге-шөге кеткенбіз.

Мұғалімнің алдында шағын тақтай үстел. Жап-жаңа қызыл шүберек жабылған.

Әліппе жетіспейді. Екеуара бір оқулық.

Дәптерді тіземіздің үстіне қойып немесе жерге етпеттеп жатып жазамыз.

Бір күні бормен жазатын тақта пайда болды.

Бердібек Соқпақбаев

39-сабақ. Туған өлкем

8-аудио (92-бет)

Көгінде күн нұрын төккен,
Жерінде гүл жұпар сепкен.

Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туған өлкем!

Алтын дәнді даласы бар,
Ақ күмістей қаласы бар.
Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туған өлкем!

Түлігі өскен алуан-алуан,
Төс, алқабы малға толған.
Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туған өлкем!

Ер еңбегі шалқып, тасқан,
Ел еркіндеп бақыт тапқан.
Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туған өлкем!

Өтебай Тұрманжанов

«Мектеп»

Глоссарий

Ауыз әдебиеті – әдебиеттің ертеден келе жатқан түрі. Ауыз әдебиеті бірнеше салаға бөлінеді: батырлар жыры, тарихи жырлар, ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер т.б.

Ертегі – ауыз әдебиетінің бір түрі. Ертегіге тән ерекшелік – өткенді қиялмен ұштастыра болжау. Көбінесе қарасөзбен беріледі.

Жұмбақ – халық ауыз әдебиетінің бір түрі. Шешуін табуға арналған қысқа шығарма.

Кейіпкер – көркем әдебиетте баяндалатын оқиғаға қатысушы. Ертегілерде, мысалдарда кездесетін аң-құстар да, өсімдіктер мен жәндіктер де кейіпкер бола алады.

Қисса – шығыс әдебиетінің сюжетіне шығарған жыр, дастан, ертегі-хикаялар.

Мақал-мәтел – түйінді ойды білдіретін, тура мағынасымен қатар астарлы мағына да бере алатын ықшам нақыл сөз.

Мінездеу – кейіпкерлердің сыртқы түр-тұлғасымен қатар мінез-құлқын, ішкі ойын, көзқарасын суреттеу.

Мәтін – белгілі бір тақырып төңірегінде біріккен, мазмұнды сөйлемдер тізбегі. Мәтіннің негізгі түрлері: *әңгімелеу, сипаттау, пайымдау*.

Нақыл сөз – даналық қорытындыға құрылған мейлінше жинақы әрі мағыналы сөз. Нақыл сөз өлеңмен де беріледі.

Негізгі ой – автордың шығарма арқылы айтқысы келген негізгі мақсаты, көзқарасы, ұстанымы.

Өлең – көлемі қысқа келетін, ұйқасқа құрылған мәтін. Өзіне тән құрылысы, өлшемі, түрлері болады.

Санамақ – кішкентай балаларға сан үйретуге, санның ретін жаттатуға арналған ойын өлеңі.

Тақпақ – көлемі шағын, жаттап айтуға жеңіл өлеңдер.

Тақырып – әдеби шығармада айтылатын басты мәселе, шығарма мазмұнының негізгі арқауы.

Тұрмыс-салт жырлары – салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты туған өлең-жырлар. Оларға төрт түлік туралы өлеңдер, бесік жыры, тұсаукесер т.б. жатады.

Ұйқас – өлең-жырлардағы тармақ буындарының келесі тармақ буындарымен үйлесуі.

Шумақ – өлең-жырларда, дастан-поэмаларда өлең тармақтарының (жолдарының) белгілі ретпен топтасуы.

«Мектеп» баспасы

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. 1, 2-том. Алматы: Жазушы, 1986.
2. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. Романдар. 2-том. Алматы: Ел-шежіре, 2013.
3. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. Алматы: Білім, 2003.
4. Асылбек Ә. Балғын балалық. Алматы: Балалар әдебиеті, 2015.
5. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. Бірінші кітап. Алматы: Жазушы, 2002.
6. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Хайуанаттар туралы ертегілер. 73-том. Астана: Фолиант, 2011.
7. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 2-том. Алматы: Ел-шежіре, 2013.
8. Баянбаев Қ. Таңдамалы шығармалары. Алматы: Балалар әдебиеті, 2007.
9. Бегалин С. Шоқан асулары. Алматы: Жазушы, 1996.
10. Жабаяев Ж. Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. Алматы: Қазақ университеті, 2016.
11. Елубай Е. Таңдамалы: Алматы: Ана тілі, 2014.
12. Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989.
13. Қазақтың мақал-мәтелдері. Құраст. Смайлова А. Алматы: Көшпенділер, 2011.
14. Қуыр-қуыр, қуырмаш: Қазақтың балалар фольклоры. Алматы: Раритет, 2018.
15. Мырза Әлі Қ. Көптомдық шығармалар жинағы. Алматы: Қазығұрт, 2001.
16. Молдағалиев Т. Шығармалары: Жеті томдық. Алматы: «Айғаным» баспа үйі, 2016.
17. «Негеш» балалар энциклопедиясы. Алматы: Атамұра, 2013.
18. Нұрпейісов Ә. Жеті томдық шығармалар жинағы. Алматы: Қазығұрт, 2019.
19. Өтетілеуұлы Е. Өсіп келе жатырмыз. Алматы: Балалар әдебиеті, 2006.
20. Соқпақбаев Б. Менің атым – Қожа. Алматы: Раритет, 2005.
21. Сейфуллин С. Көптомдық шығармалар жинағы. 4-том. Алматы: Қазығұрт, 2005.
22. Смаханұлы Ш. Айға ұшамын. Алматы: Жазушы, 1971.
23. Сухомлинский В. А. Балаға жүрек жылуы. Аударғандар: Машақов М., Бейсембаев З., Ахметов Ж. Алматы: Мектеп, 1976.
24. Тұрманжанов Ө. Менің кітабым (өлеңдер, мысалдар, ертегілер, әңгімелер). Алматы: ҚМКӘБ, 1962.
25. Ысқақов Б. Жеткіншек. Өлеңдер мен дастандар. Алматы, 1985.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
---------------	---

1. ӨЗІМ ТУРАЛЫ

1-сабақ. Менің атым.....	4
2-сабақ. Шықсам да.....	7
3-сабақ. Санамақ.....	10
4-сабақ. Оқуға құмар бала.....	13
5-сабақ. Балалық шағы.....	16
6-сабақ. Ғылым таппай мақтанба.....	19
7-сабақ. Бақша ағаштары.....	21
8-сабақ. Кім күшті?.....	24
9-сабақ. Менің сүйікті аспабым.....	27
10-сабақ. Адам боламын.....	30
11-сабақ. Нағыз адам.....	32
12-сабақ. Атқа міндім.....	35
13-сабақ. Мазмұндама.....	37
14-сабақ. Не үйрендім?.....	38

2. МЕНІҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ

15-сабақ. Тұсаукесер.....	41
16-сабақ. Бәрі де, Ана.....	44
17-сабақ. Әке мен бала.....	47
18-сабақ. Менің әпкем.....	50
19-сабақ. Отбасы туралы мақал-мәтелдер.....	52
20-сабақ. Жаман жолдас.....	54
21-сабақ. Жақсы дос – жан азығы.....	57
22-сабақ. Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа.....	59
23-сабақ. Жігітті жолдасынан таны.....	61
24-сабақ. Құмырсқа.....	64
25, 26-сабақтар. Өткенді бекіту.....	66
27-сабақ. Не үйрендім?.....	67

3. МЕНІҢ МЕКТЕБІМ

28-сабақ. Кел, балалар, оқылық!.....	69
29-сабақ. Барсам екен мектепке.....	72
30-сабақ. Білім жолы мектептен басталады.....	74
31-сабақ. Ұстаз бен шәкірт.....	76
32-сабақ. Жыртық кітап жылады.....	79

33-сабақ. Киіз үйдегі мектеп.....	82
34-сабақ. Мектеп.....	84
35-сабақ. Балаларға	86
36-сабақ. Шығарма	87
37-сабақ. Не үйрендім?	88

4. МЕНІҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ

38-сабақ. Қартқожаның туған жері.....	89
39-сабақ. Туған өлкем.....	92
40-сабақ. Туған жерімнің тұрғындары	94
41-сабақ. Абай сағынышы.....	97
42-сабақ. Көкшетау	100
43-сабақ. Анам сенсің, туған жер.....	103
44-сабақ. Қыста қызық жұмыс бар!	105
45-сабақ. Туған жерге байланысты нақыл сөздер	107
46, 47-сабақтар. Қорытынды	108
48-сабақ. Не үйрендім?	109
Тыңдауға арналған мәтіндер.....	111
Глоссарий.....	116
Пайдаланылған әдебиеттер.....	118

Оқу басылымы

Қапалбек Бижомарт Сейсенбекұлы
Нургожина Ляйля Каскановна
Шортанбай Шохан Амангелдіұлы

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ

1-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық
(қазақ тілінде)

Оқулықты безендіруге суретші *Г.Бекованың*, фотограф *Д.Слановтың* еңбектері пайдаланылды

Редакторлары *Ж. Досбай, А.Төлепбердинова*. Көркемдеуші редакторы *Ә.Сланова*

Техникалық редакторы *Л.Садықова*. Корректоры *Ж.Баймағамбетова*
 Компьютерде беттеген *Г.Әлімшеева*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
 № 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 6331

Басуға 22.06.22 қол қойылды. Пішімі 70×100^{1/16}. Офсеттік қағаз. Қаріп түрі "Segoe UI".

Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 9,68. Шартты бояулы беттаңбасы 39,36.

Есептік баспа табағы 4,04. Таралымы 25 000 дана. Тапсырыс №

"Мектеп" баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй
Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30 Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34
E-mail: mektep@mail.ru Web-site: www.mektep.kz